

# ГЕОГРАФИЯ

# БИОЛОГИЯ

# ЭКОЛОГИЯ

## орта мектепте

Республикалық  
ғылыми-әдістемелік  
журнал

№4  
2010

шілде-тамыз



# ГЕОГРАФИЯ, БИОЛОГИЯ, ЭКОЛОГИЯ ОРТА МЕКТЕПТЕ

Республикалық ғылыми-әдістемелік журнал

2008 жылдан бастап шығады

№ 4 (16) • шілде / тамыз • 2010

Екі айда 1 рет шығады

## МАЗМҰНЫ

### ЖОҒАРЫ ОҚУ ОРЫНДАРЫНАН

К.М. Ақпамбетова, А. Байғалим. Жонғар Алатауының орографиялық сызбасы және физикалық-географиялық жағдайы .....	2
А.К. Даменова, Д.Б. Джармуханбетова. «Жалпы жертану» пәні сабақтарында сатылай комплексті талдау әдістерін қолдану .....	5
Ш.Т. Абдреева, Р. Байбурiev. Экологиялық мониторинг және оның Қазақстан туризміне әсері .....	6
К.Т. Сапаров, А.Н. Рахимова. Алакөл қазаншұңқырының топонимикасы және оның экологиялық мәселелері .....	8
К. Туркменбаева. Туризмдегі қызметтің басқару психологиясының ерекшеліктері .....	11

### МУҒАЛІМ ІС-ТӘЖІРИБЕСІНЕН

Е.Т. Мылтықбаев. Астық тұқымдастар – бағалы азықтық өсімдіктер. (ертегі сабақ) .....	13
Р.К. Күсебай. Өзендер (6-сынып) .....	15
Б.Б. Джанкулова. Халқы мен елдері. Солтүстік Африка елдері (7-сынып) .....	16
К.П. Жанділдаева. География сабағында ойын элементтерін пайдаланудың тиімді жолдары .....	17
А.Ахетов. «Атмосфера» тарауын қайталау (6-сынып) .....	18
Қ.Ж. Қасымова. Көлдер (6-сынып) .....	20
К. Әділханова. Орталық Қазақстан .....	21
Р.А. Керімқұлова. Географиялық карта .....	23
М.Ғ. Ғырманова. «Есірткісіз болашақ» атты үндеу аясында жалпы мемлекеттік «Біз салауатты өмірді қолдаймыз!» тақырыбындағы үгіт-насихат салауаттылық сабағы .....	23

### ТУРИЗМ ЖӘНЕ ӨЛКЕТАНУ

Б.Қ. Балабаева. Атырау облысының экономикалық географиясы (қорытынды сабақ) .....	25
Ш.О. Таласпаева. Шығыс Қазақстан облысының пайдалы қазбалары .....	26
А. Жариев. Жергілікті жерге саяхат .....	27

### СЫНЫПТАН ТЫС ЖҰМЫС

Б.А. Нағметова. Менің Отаным – Қазақстан (6-сынып) .....	29
А.Р. Амапқұлова. Тынық мұхитына саяхат .....	30
Р.Қ. Жапарова, Т.С. Камешова, Э.Қ. Жұмаканова. Шокан өлемі .....	32
Ш.Ш. Шойбекова. Білім сайысы .....	34

### КОЛЛЕДЖДЕ БІЛІМ БЕРУ

А.З. Сүлейменова. Қазақстан Республикасының мемлекеттік өнұраны .....	35
-----------------------------------------------------------------------	----

Құрылтайшысы: «Азия-Издат» ЖШС

Бас редактор:

**Б.М. СОЛТАНБЕКОВА**

Редакция алқасы:

К.М. Ақпамбетова, т.ғ.к., Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінің доценті  
Б.К. Асубаев, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың оқытушысы  
Ұ.А. Есназарова, т.ғ.д., профессор  
Ш.Ш. Көрібаева, Ы. Алтынсарин атындағы Қазақ білім академиясының аға ғылыми қызметкері  
Б. Тасболат, т.ғ.д., М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінің доценті  
Т.О. Увалтеев, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың доценті  
Ж.Б. Шілдебаев, т.ғ.д., Абай атындағы ҚазҰПУ-дың профессоры

Көркемдеуші редактор

*Л.Н. Укенова*

Техникалық редактор

*Г.Ш. Ахтанова*

Редакцияның мекен-жайы:

050010, Алматы қаласы,  
Бөгенбай батыр көпесі, 86, 101 б.  
050010 Алматы қаласы, а/ж 46  
Телефон/факс: 291-71-92, 291-61-05  
E-mail: geo\_kaz@mail.ru

«География, биология, экология орта мектепте» журналы редакциясына келіп түскен қолжазбалар өдеби өңделені. Редакция жолданған материалдар санасына жауап бергенді, қолжазба авторларға қайтарылмайды. Материалдар көшіріліп басылған не пайдаланылған жағдайда «География, биология, экология орта мектепте» журналына сілтеме қасалады.

Теруге 10.07.2010 жіберілді.

Басуға 07.08.2010 жылы қол қойылды.

Көлемі 84 x 108/16. Офсетті басылды.

Таралымы 1000 дана.

ТОО «Palitra Press»


баспаханасында басылды, Алматы қаласы.

Журнал Қазақстан Республикасының мәдениет және ақпарат министрлігінде 06.06.2007 жылы пркелін, № 8386-Ж куәлігі берілді.

## Жоңғар Алатауының орографиялық сызбасы және физикалық-географиялық жағдайы

Қ.М. Ақпамбетова, п.ф.к., доцент, «Қазақ географиялық қоғамы» РҚБ-нің президенті  
А. Байғалым, география бакалавры  
Қарағанды мемлекеттік университеті

Қазақстан жерінде Жоңғар Алатауы солтүстікте Алакөл қазаншұңқыры мен оңтүстікте Іле өзені аңғары аралығында ендік бағытта жатыр. Оның жалпы ұзындығы 450 км-ге дейін созылады, ені 100-250 км. Жоңғар Алатауының басты тау жоталары 4000 м жоғары. Олар қар сызығынан жоғарырақ орналасып, мәңгі қар және мұздықтармен көмкерілген. Жоғары қарлы тізбектен батысқа, оңтүстік-батысқа және солтүстік-батысқа қарай орта биіктікті сілемдер таралады. Жоңғар Алатауының басты жоталары батыста Көксу өзенінің, шығыста Боротала өзендерінің аңғарларымен бөлінген, оның өзі қатар жатқан екі жотадан құралады. Олар: Солтүстік орталық жота және Оңтүстік орталық жота деп аталады. Көксу мен Боротала өзендері басталатын жерде екі бас жота өзара түйісіп, үлкен тау торабын құрайды. Ол Көкжота деп аталады. Көкжота бүкіл Жоңғар тау жүйесінің ең биік жері. Солтүстік бас жотаның ең биік нүктесі Сарқантау (4575 м), ал Оңтүстік бас жотаның ең биік нүктесі Тышкантау (5060 м) [1]. Солтүстік орталық жота Көкжота тау торабынан шығысқа қарай бірте-бірте төмендеп, әр жерде көтеріңкі бастар бар тау қыраттарына айналады. Солтүстік бас жотадан солтүстік-шығысқа қарай бір-бірінен аңғарлармен бөлінген тау алды жоталар жатыр. Олар: Тастау, Күнгей, Жабық. Жоталардың төбелері тегіс және онша тілімденбеген. Осы тауалды жоталарымен Солтүстік бас жотасының шығыс беткейлері Алакөл ойысының батыс шетін қуалай жатқан тектоникалық үлкен жарыққа байланысты едәуір көтеріліп, Алакөл қазаншұңқырларына тік жар болып тіреледі. Солтүстік бас жотаның солтүстік беткейлерінің көлбеу келуінен рельефі жазықтау болады. Бас жотаның солтүстік беткейінің неғұрлым жіңішке жері Сарқантау массиві меридиан бойымен орналасқан. Осы жерден шығыс және батысқа қарай жота кеңейе түседі де, жотаның суайырығынан тауалдына қарай рельефтің сатыланып төмендеуі анық байқала бастайды.



1-сурет. Жоңғар Алатауының орографиясы

Бірінші сатыға бас жотаға бірдей жанасып жатқан 2800-3000 м биіктіктегі Тастау, Ақанжайлау, Суықжайлау, Қотыртас массивтері және Мыншұңқыр жоталары жатады. Одан солтүстікке қарай бойлай жатқан бірнеше қысқа аңғарлар мен қазаншұңқырлар орналасқан. Олардың ішінде ең ірілері Лепсі селосы тұсындағы Ойжайлау қазаншұңқырлары. Екінші сатыға биіктігі 2000 м-ге жуық Ойжайлау қазаншұңқырларынан солтүстікке қарай орналасқан Күнгей, Суықтау, Ешкіөлмес, Қарашоқы, Желдіқарағай тау массивтері жатады. Үшінші сатыға биіктіктері 1500-1600 м-ге жететін Шыбынды, Қарасарық, Қырықкөл тау алды массивтері жатады. Солтүстік-шығыста біраз оқшау орналасқан аласалау Текелі мен Сайқан массивтері, ал солтүстік-батыста Қоңыртау және Балқаш бойындағы шөлге терең еніп жатқан Үшкөл жотасы бар.

Жоңғар Алатауының Солтүстік бас жотасы батыста қолдың саласындай тұс-тұсқа тарап кетеді. Бұл жерден батысқа және солтүстік-батысқа қарай Баян-жүрек, Қойтас және Сарыноқай тауалды жоталары кетеді. Одан әрі олар Алтуайт, Көкшиелі, Малайсары және басқа жоталарға бөлшектеніп аласарады да, Іле өзендерінің аңғарына дейін барады [4].



2-сурет. Жоңғар Алатауының Солтүстік орталық жотасы

Жоңғар Алатауының рельефіне әртүрлі биіктікте орналасқан және батысқа қарай еңіс болып келетін тегістелген жер бедері тән. Олар тау жүйесінің сыртқы беткейлеріне баспалдақ тәріздес пішін береді. Жалпақ тегіс жер бедері биік тауларда да байқалады, онда қар қар сызығынан жоғары орналасады (С.В. Калельник, С.С. Ларк және М.М. Юдичев мәліметтері бойынша). 3000-4000 м және одан биіктегі жақсы сақталған тегіс жер бедері, тау жотасының әлі жас екенін білдіреді. Ұзыннан созылған тегістіктердегі жазықтар жер сілкінуінің нәтижесінде пайда болған. Жоңғар Алатауының Солтүстік орталық жотасы 6-8 баллдық сейсмикалық аймаққа жатады. Ең күшті жер сілкінулер аймағын оңтүстік-шығыс бөлігінде жиі байқалады. Сонымен қатар, Жоңғар Алатауының сейсмикалық аймақтарына негізінен аласа таулы, тау етегі және тауаралық жазықтар жатады. Биік таулы және орташа

таулы аймақтардың рельефіндегі айырмашылық айқын байқалады, олардың кей жері интрузивтік жыныстардан, эффузивті және шөгінді жыныстардан құралған аймақтардан тұрады. Интрузивтік жыныстардан тұратын аймақтар тау жазықтықтарының кең таралуымен, күрделі сілемдерден, терең және күрт бөлшектенумен ерекшеленеді. Аласа таулар және тау етегі қалың құмдақ сазды топырақпен жабылған. Саз балшық қалың болмаған жағдайда көшкін және суффозиялық пішін пайда болады [2].

Оңтүстік орталық жотаның да рельефі сатылы болып келеді. Бірақ Солтүстік бас жотаның солтүстік беткейіне қарағанда оның оңтүстік беткейлері анағұрлым тік және күшті тілімденген. Жоңғар Алатауының оңтүстік бас жотасы негізінен ірі Токсанбай, Мұзтау, Бежінтау, Тышкантау жоталарынан құралады. Оңтүстік бас жотаның батыс бөлігі де желілуіш тәрізді тараған. Одан батысқа және оңтүстік батысқа қарай Итшоқы, Қотырқайың, Алтынемел, Суаттау тауалды жоталары мен Долантау, Қату-тау, Қалқан тауалды массивтері орналасқан. Бұлардың бәрі Іле өзені аңғарына жақындап келеді. Батысқа қарай жатқан тауалды жоталарының бірсыпырасы Көксу, Қаратау, Алтынемел, Қоңырөлең аңғарларымен бөлініп жатыр [4]. Жоңғар Алатауының оңтүстік беткейінде борпылдақ жыныстар жамылғысы жоқ, сондықтан геологиялық құрылымында рельефтік сипаттар мен ландшафттық ерекшеліктер анық байқалады. Мысалы, Қату-тау тауларында (оңтүстік беткейдің алдыңғы жоталарының бірі) пермь дәуірінің қатты конгломераттарына рельефтің тегістелген пішіні тән, ал пермь және жоғарғы карбонның туфогенді және туфогенді-шөгінді жынысты құрғақ далалық тауалды жазықтықтары қатты бөлшектенген. Неоген жынысының балшықты болып келуі рельефтің күшті бөлшектенуіне алып келеді және тау етегінде балшықты карст тәрізді пішіндерді қалыптастырады.



3-сурет. Қату-тауы

Жоңғар Алатауының күмбез—кесекті көтерілімдердің батыс шетіне қима бойынша Алматы және Семей теміржол бағыты бойынша қайтадан геодезиялық зерттеулер жүргізілді. Бұл зерттеулер осы жерде қазіргі тектоникалық қозғалыстардың максималды жылдамдығы жылына 12,5 мм-ге жеткенін көрсетеді (Финько, 1695). Территория 6-8 баллдық сейсмикалық аймаққа кіреді, ал ең күшті сейсмикалық аймаққа шығыс аудандар жатады [2]. Жоңғар Алатауының бас жоталарының суайрықтары қазіргі мұз басу мен

ертедегі мұз басудың ізі бар нағыз альпілік рельеф сипатында. Өзендердің қоректену көзі болып табылатын қазіргі мұздықтар жеке-жеке болып бөлініп орналасқан. Олардың көпшілігі Тентек, Лепсі, Басқан, Ақсу, Сарқан, Қаратал, Көксу, Хоргос өзендері бастауында жатыр. Төрттік дәуірде қайта жанарған Жоңғардың өзен торы өлкенің таулы бөлігінде күшті тарамдалған. Барлық өзендердің жоғарғы және орта ағыстарында ағысы өте жылдам болғандықтан, бұзушылық әрекеті күшті. Жоңғар Алатауының солтүстік-батысы мен солтүстігінде Балқаш көлі бассейніне жататын оның бірнеше ірі өзендері ағып жатыр. Олар: Көксу, Қаратал, Ақсу, Биен, Сарқан, Лепсі. Ал Тентек өзені Сасықкөл бассейніне жатады. Шығыс беткейдің өзендері көп емес. Сондай-ақ Жоңғар Алатауының оңтүстігі де өзен торларына кедей, бұл жердегі өзендерден Іле өзеніне құятын Хоргос, Өсек және Ілеге жетпей қалатын Бороходзир өзендерін атауға болады.

Жоңғар Алатауының климатының қалыптасуына полярлық ауа массалары басты орын алады. Сонымен қатар қыста арктикалық ауа массалары, жазда солтүстік-батыстан келетін ауа және континенттік тропиктік тұран ауа массалары әсер етеді. Жоңғар Алатауындағы жергілікті муссон типіндегі таулы ауа массасы негізінен солтүстік полярлық және оңтүстік тропиктік ауа массаларынан қалыптасқандықтан, оның климаты Алтай мен Тянь-Шаньның арасындағы тау климатының өтпелі типіне жатады. Жоңғар Алатауының климаты таулы және биік таулы қоңыржай континентті. Аласа және орташа тау жоталарында қыс қоңыржай суық, жазы қоңыржай жылы. Ал биік тау жоталарында қыс қатты, жазы салқын болып келеді. Тау етегінде жылына түсетін жауын—шашын 300 мм-ден биік тауларда 800 мм-ге дейін өзгереді. Жоңғар Алатауының аласа таулы солтүстік беткейінің климатын сипаттау үшін Лепсі метеостанциясының мәліметтерін алуға болады (абсолюттік биіктігі — 1011 м). Мұндағы қантардың орташа температурасы — 19,1°C, ал шілде айында +16,8°C, жылдық орта минимумдық ауа температурасы —41°C. 10°C-тан жоғары ауа температурасының жиынтығы 1925°C, осы температура ұзақтығы 132 күн, аязсыз күндер 85 күнге созылады. Жылдық жауын-шашын мөлшері 532 мм. [5]. Қыс айларында бұл жерлерде қар көшкіні орын алады, ол тауаралық аймақтарды игеруі үшін салынатын жолдар мен ауылдар құрылысына кедергі келтіреді. 2600-2800 м биіктікте мәңгі қар аймағы таралған. Жоңғар Алатауының Оңтүстік орталық жотасы негізінен дала зонасына, тау етегі шөлейтті және оңтүстігі ылғалдылығы мүлде аз шөлді аймаққа жатады. 10°C-тан жоғары ауа температурасының жиынтығы оңтүстік тау етегінде 3400°C-ға дейін және жоғары тау белдеуінде 2200°C-ға дейін өзгереді. Провинцияның оңтүстік бөлігі батысқа қарағанда көп жылу алады. Солтүстік-батыстағы тау етегінен 420 м биіктікте орналасқан Қаратал метеостанциясының мәліметтері бойынша, жылдың жағымды температурасының жиынтығы 3587°C құрайды. Ал бұл кезеңде, провинцияның оңтүстігіндегі Жаркентте, метеостанция 220 м биіктікте орналасқанына қарамастан, аталған жиынтық 3958°C-қа дейін көтеріледі. Жаркентте

қантардың орташа температурасы  $5,1^{\circ}\text{C}$ -қа, ал жылдық температура  $-2,8^{\circ}\text{C}$ -қа жоғары. Оңтүстік тау етегінде жылдық жауын-шашын мөлшері 200 мм-ден 400 мм-ге өзгереді, ал аласа тауларда оған қарағанда көбірек жауын-шашын түседі [2]. Жоңғар Алатауы шөл зонада жатыр. Жалпы сипаты жағынан оның өсімдіктері Алтай мен Тянь-Шаньның арасындағы өтпелі жағдайда. Солтүстікте дала және орманды-шалғынды белдеулерде Сібір, Алтай және жалпы өсімдіктердің бореалды түрлерінен дат жоньшқасы, тобылғы, қазтабан, беде, май қарағай тараған. Биік таулы белдеуде дриад, кляйтона т.б. өседі. Оңтүстікте оңтүстік түркістан түрлері кең тараған, өсіресе түркістан аршасы, шренк шыршасы карелин және альтман ырғайы, тянь-шань регнериясы үлкен орын алады [4]. Тау жүйесінің әр бөлігінде ландшафтын биіктік зоналдылығы әртүрлі болып келеді, ол негізінен тау беткейлерінің ерекшелігі мен бедеріне, тербелістер мен кедергілерге байланысты. Бұдан әрі Н.И. Рубинов, Т.С. Тихонов және басқалардың мәліметтеріне сәйкес биіктік зоналдылығы туралы жалпы мағлұмат беріледі. Тау-дала аймағы 500-1500 м биіктікте орналасқан. Оның төменгі белдеуі (500-800 м) тау етегінде аласа тауда жусанды-бетегелі шөлейттенген дала таралған. Орта белдеуінде (800-1200 м) аласа таулы боз және бетегелі-боз даласы ал жоғарғы белдеуі (1200-1500 м) шалғынды әртүрлі астық тектес өсімдікті далаға айналады. Бұл жоғарғы, орташа таулы белдеуде алма ағашынан, теректен тұратын тоғайлар, бұталар мен долана жемісті ағаштарынан тұратын сирек ормандар пайда болады. Мүмкін бұл белдеуді орташа таулы биіктік аймағындағы ерекше орманды дала деп қарастыру керек шығар. Жоңғар Алатауының солтүстік беткейіндегі орта таулы аймағынан жоғарырақ тау орман-шалғынды өсімдіктерден тұратын өзіндік орманды-шалғын аймағы таралған. Мұнда тянь-шань шыршасынан тұратын сирек орман дамыған, сонымен қатар қалың шыршалы аймақтар да кездеседі. Тянь-шань шыршасына сібір май қарағайы араласады. Шыршалы сирек орманмен ауысып отыратын шалғынды дала орманды дала қара топырағымен ұштасады, ормандар Тянь-Шаньдағы шыршалы орман топырағына ұқсас ерекше орманды қара түсті топырақты болып келеді. Жоңғар Алатауының орта таулы беткейлерінде тау терек, терек, қайың, шетен жидегінен, мойылдан және жабайы жеміс ағаштарынан тұратын жапырақты ормандар кең тараған. Солтүстік беткейде 2400 м, ал оңтүстік беткейде 2600 м биіктікте орналасқан Жоңғар Алатауының негізгі жоталарының тармақтарында таулы-орман зонасы яғни, биік таулы шалғындармен жабылған, ол жаздық жайылым ретінде пайдаланылады. Мұнда кәдімгі тау-шалғындық және өлсіз шымтезекті топырақ (альпілік белдеуде) таралған. Субальпі белдеуіндегі түрлі шөптесін астық тектес шалғындар, оның ішінде қазоты, түлкішөп т.б. арасында бетегелі және бұршақты далалар да кездеседі. Альпілік белдеудің төменгі белдеуінде астық тектес өсімдіктер мен түрлі шөпті шалғындар (ксерофиттік астық тұқымдастар және альпілік шөптесіндер), жоғары белдеуде астық

тұқымдас өсімдіктер таралған. Негізгі жоталардың ең биік тармақтарына гляциальды-нивальды биіктік зонасының ландшафттары тән, ол солтүстік беткейлерде 3200-3300 м, ал оңтүстік беткейлерде 3500-3800 м биіктікте орналасса, ал кейбір жерлерде гляциальды ландшафттар төмен орналасқан. Оңтүстік беткейдегі тауалды шөлейтті және шөл зоналары 1000-1250 м биіктікте орналасқан. Одан жоғары қарай (1300-1400 м) тауалды аласа таулы (шөлейттенген дала) шөлейтті дала таралған, онда жусан, бетеге және селеу көп кездеседі. Одан жоғары қарай, таулы-далалы белдеу орналасқан, ол екі аймаққа бөлінеді – құрғақ жоньшқалы дала (1600-1700 м) және одан жоғары (1800-2000 м) жусанды, бетегелі дала. Оңтүстікте дала аздап шалғынды дала түріне енеді. Оның жоғарғы шеті біртіндеп субальпі, альпі белдеулеріне жалғасып кетеді. Субальпі белдеуі 2200-2400 м биіктіктен басталады. Онда маңжетка, қазтамақ шалғындары және арша өседі. Оңтүстігінде бетеге және әртүрлі шөпті, дақылды шалғынды дала басым. Субальпі белдеуі жоғарғы жағында альпі белдеуіне ауысады. Онда алтай қоғажайы, тасжарған, коңырбас, альпі көкнөрі басым. Тау етегінде бидай, дәрілік және қант қызылшасының суармалы егістігі орналасқан, бау-бақша шаруашылығы дамыған, жеміс-жидек қоймасы бар. Бау-бақша шаруашылығын одан әрі дамыту тиімді, тіпті жүзім шаруашылығын да қолға алуға болады. Жер шаруашылығы ет-сүт өнімі өндірісімен қос жүреді. Шөлейтті және таулы жайылымдарда етті-жүнді (биязы) қой шаруашылығы, етті-сүтті және етті мал шаруашылығы және табындық жылқы шаруашылығы жақсы дамыған. Жоңғар Алатауының жануарлар дүниесі құрамы әртүрлі. Мұнда Солтүстік Алтай түрлерімен бірге Оңтүстік Тянь-Шань түрлері де аралас келіп отырады. Қиыр оңтүстігінде африка, үндістан түрлері кездеседі. Шөл және дала белдеулерінде оның айналасындағы жазықтардың жануарлары таралған: толай қояны, ұзын құйрықты сарышұнақ, аламан, борсық, т.б. Орманды-шалғынды белдеулерде коңыр аю, сілеусін, ақ қоян, қасқыр, түлкі мекендейді. Биік тауларда жабайы тау ешкі, арқар, сұр суыр, шақылдақ қызыл қасқыр кездеседі. Орманды-шалғынды белдеуде үш саусақты тоқылдақ, шырша торғайы, қайың жапалағы, биік таулы белдеулерде қарабауыр ұлар, Орталық Азияның ұзақ қарғалары да бар [5].

#### Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Диденко-Кислицина Л.К. Кайнозой Юго-Восточного Казакстана. – Алматы, – 2001. – С. 91.
2. Гвоздецкий Н.А., Николаев В.А. Казакстан. Смерки природы. – М., 1971.
3. Закаржевский Р. Краткий очерк северного склона Джунгарского Алатау. – Омск, 1983. – С. 183.
4. Эттегамбетов М.М. Казакстанның физикалық географиясы. – Алматы, 1967. – 182-бет.
5. Джаналиева Г.М. Физическая география Республики Казакстан. Учебное пособие. – Алматы, 1998. – С. 266.

## «Жалпы жертану» пәні сабақтарында сатылай комплексті талдау әдістерін қолдану

А.Қ.Даменова, Д.Б. Джармуханбетова, Тараз мемлекеттік педагогикалық институтының оқытушылары

**Сабақтың тақырыбы:** Атмосфера құрамындағы ылғал.

**Сабақтың мақсаты:**

1. Білімгерлерге «Атмосферадағы ауа» тарауында атмосфераның құрамындағы ылғал туралы білімдерін дамытып, ылғал түрлеріне сипаттама беру.

2. Оқушының пәнге деген ынтасы мен қабілетін дамыту.

3. Ұжымшылдыққа, еңбекқорлыққа және практикалық шеберлікке тәрбиелеу.

**Әдісі:** Н.А.Оразаханованың технологиясы бойынша сатылай комплексті талдау әдістерін қолдану.

**Көрнекілігі:** «Табиғаттағы су айналымы» сызбасы, суреттер.

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру.

II. Өткен материалды еске түсіру.

### Ауа ылғалдылығы

→ **Анықтамасы.** Су буының атмосферадағы үлесін ауаның ылғалдылығы деп атайды.

→ **Анықталуы.** Су буы түрлі температура жағдайында құрлық беті мен мұхит бетінің булануының нәтижесінде ауаға көтеріледі.

→ **Әсері.** Су буы ауада салқындап, судың көзге көрінбейтін бөлшектері өзара қосыла келе су тамшыларын құрайды.

→ **Түрлері:** абсолют ылғалдық және салыстырма ылғалдық.

→ **Бекіту тапсырмалары.**

### Абсолюттік ылғалдық

→ **Анықтамасы.** Атмосферадағы су буының абсолют ылғалдығы 1м куб ауадағы су буының нақты мөлшері.

→ **Таңбасы:** е

→ **Өлшем бірлігі:** грамм

→ **Формуласы:**  $e = \frac{ч \cdot E}{100\%}$

→ **Әрекеті.** Көктемде, жазда ылғалды жылы ауа қызған жер бетінен жоғары көтеріледі де, белгілі бір биіктікте салқындап, будақ бұлттар түзеді, тамшылары жер бетіне жауын-шашын болып түседі.

→ **Мысалы:** 20°C температурадағы 1 м<sup>3</sup> ауа 17 г суды сақтай алады.

### Салыстырма ылғалдық

→ **Анықтамасы.** Салыстырма ылғалдық 1м<sup>3</sup> ауадағы су буының нақты мөлшерінің сол температурадағы ауаны қанықтыратын су буының мөлшеріне қатынасы.

→ **Таңбасы:** ч

→ **Өлшем бірлігі:** пайыз (%)

→ **Формуласы:**  $ч = \frac{e \cdot 100\%}{E}$

→ **Мысалы:** 30°C температура ауада 15 г, яғни сақтай алатын мөлшердің жартысындай ғана су болса, онда салыстырма ылғалдық 50%-ға тең болғаны.

**Тест тапсырмалары**

1. *Толықтыру тесті:*

а) Су буының атмосферадағы үлесі..... деп аталады.

в) Атмосферадағы су буының 1м куб ауадағы су буының нақты мөлшері ..... деп аталады.

с) 1м куб ауадағы су буының нақты мөлшерінің сол температурадағы ауаны қанықтыратын су буының мөлшеріне қатынасы ..... деп аталады.

2. *Еске салушы тест:*

а) Ауада ылғал қалай пайда болады?

в) Атмосферадағы су буын не деп атаймыз?

с) Ауадағы ылғал жер бетіне қандай түрде түседі?

3. *Балама жауаптары бар тест:*

Салыстырма ылғалдықтың формуласы.

$$1. ч = \frac{e \cdot 100\%}{E}$$

$$2. e = \frac{ч \cdot E}{100\%}$$

$$3. E = \frac{e \cdot 100\%}{ч}$$

**Сабақтың нәтижесі.**

«Кубизм» әдісі бойынша алған білімді бекіту.

**Салыстыру.** Венн диаграммасы бойынша абсолют және салыстырма ылғалдықтың ортақ қасиеттері мен ерекшеліктері.

**Талқылау.** Ауадағы ылғалдың әсері қандай? Ауадағы ылғалдың мөлшерін не үшін білу керек?



**Практикалық блок.** Есепті сатылай комплексті талдау.

**Есеп**

→ **Мазмұны:** Егер су буларының максимум серпімділігі (E) мен абсолют ылғалдық (e) белгілі болса, салыстырма ылғалдық қанша болмақ?

→ **Берілгені:** e = 12,4 мб E = 16,2 мб

→ **Табу керек:** ч – салыстырма ылғалдық

→ **Шешуі:**  $ч = e/E \cdot 100\%$

→ **Мәнін табу:**  $ч = 12,4/16,2 \cdot 100 = 76\%$

→ **Жауабы:** ч = 76%

**Бағалау.**

**Үйге тапсырма.**

Есептерді сатылай комплексті талдау әдісін пайдаланып шығару.

1) Егер су буының максимум серпімділігі (E) мен салыстырма ылғалдық (ч) белгілі болса, абсолют ылғалдық (e) қанша болмақ? ч = 38% E = 12,8 мб

2) Егер салыстырма ығалдық (ч) пен абсолюттік ығалдық (е) белгілі болса, су буларының максимум серпімділігі (Е) канша болмақ?  $ч = 43,7\%$   $е = 4,8 мб$

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Горечко В.В., Чернышев А.В. Мультимедиа и Гистехнологии в атласном картографировании // Вестник МГУ. — 2004. — №2.

2. Шульгина О.В. Возможности и проблемы использования компьютерных технологии в преподавании географии // География в школе. — Алматы, 2003. — № 8.

3. Таможня Е.А. Компьютерные технологии: возможности использования. /География в школе — Алматы, 2002. — № 3.

4. Бұзаубақова К.Ж. Жаңа педагогикалық технология. — Тараз, 2003.

## Экологиялық мониторинг және оның Қазақстан туризміне әсері

Ш.Т. Абдреева, г.ғ.к., Р.Байбуриев, әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-нің 1-курс магистранты

Туризм өзінің бағыттарымен соңғы жылдары өлемнің көптеген мемлекеттерінде шаруашылықтың негізгі саласына, яғни пайда көзіне айналды. Өлемдік экспорттың жалпы көлемінің 8%-ы және өлемдік қызмет көрсету нарығының 30–35%-ы халықаралық туризм үлесінде. Ішкі және халықаралық туризмнің жалпы шығыстары өлемдік жалпы ұлттық өнімнің 12%-ын құрайды. Ал бағыттарының ішінде өзін айқын көрсетіп, маңыздылығы жағынан алдыңғы қатарда тұрған ерекше түрі — экологиялық туризм. Болашақта туризм нарығында экологиялық туризмнің үлесі 50-60%-ға артады деген болжам бар.

Экологиялық туризмнің пайда болу себептері көп. Ең бастысы өлемнің жалпы экологиялық жағдайының күннен күнге нашарлауы, яғни бүлінуді, техникалық жетістік пен урбанизациядан шаршаған адам баласының таза ауамен дем алып, жүйке жүйесі салмағынан құтылуға ұмтылуы.

Өлемдегі экологиялық жағдайдың күрт нашарлауы, мемлекеттік және мемлекеттік емес ұйымдар, экологиялық орталықтар, туристік мекемелер мен қоғамдастықтар қоршаған ортаға антропогендік іс-шаралар тарапынан туындайтын зиянды әрекеттерге төтеп беру жолдарын іздестіруде. Осы орайда өсімдіктер мен жануарлар өлемін қорғау өзекті мәселелердің біріне айналып отыр.

Бүгінгі таңда Қазақстанда экологиялық туризмнің дамуы үшін жаңа құрылып келе жатқан нарық деп қарастыруға болады. Биологиялық және геологиялық әртүрлілік, халықтың минималды тығыздығы, бай тарихи және мәдени мұра, еліміздің өте зор экотуристік мүмкіндігін айқындайды.

Қазіргі заманғы туризм дамуының басты ерекшелігі, экологиялық туризм арқылы табиғатты толық қорғау деп айтуға болады. «Экологиялық туризм» термині және «экотуризм», яғни оның қысқартылған түрі, ағылшындардың «ecological tourism» және «ecotourism» сөздерінен шыққан. «Экологиялық» эпитеті әрине ағылшындардың, американдықтардың, канадалықтардың әдебиеттерінде және басқа да көптеген елдерде жалғыз емес. Мысалы, «табиғи туризм», «жасыл туризм», «жұмсақ туризм» терминдері кездеседі, соңғысы неміс тілді елдерде кеңінен қолданылады.

Негізінен алғанда, экологиялық туризмнің іс-әрекет жүйесін ұғыну үшін оның анықтамасының

бірнеше айқындамаларын анықтау керек. Көптеген анықтамалар арасында, экологиялық туризм мәнін ашып көрсететін анықтаманы 1991 жылы АҚШ-та орналасқан «Экотуризм» қоғамы ұсынды. Экотуризм — табиғи ортасы жақсы сақталған жерлерге шынайы және мәдени-этнографиялық ақпарат алу мақсатымен жасалатын саяхат түрі. Сонымен қатар, ол экожүйенің бірқалыптылығын бұзбайды және жергілікті табиғатты қорғауды табысты іске айналдырады.

Туризмді дамыту және туристік мақсаттар үшін табиғи ортаны тиімді пайдалану әрқашан өзекті мәселе болған. ХХІ ғасырдың басында олардың өзектілігі одан әрі маңызды бола бастады. Бұл табиғаты тартымды аудандарға бағытталған туристік қозғалыстың өзгеруімен байланысты.

Туризмнің бақылаусыз дамуы, саланы дамытуда сауатты басқарудың болмауы, табиғи ортаның сиреуіне, көптеген табиғи жүйелердің бұзылуына, ландшафттардың өз эстетикалық тартымдылығының жоғалуына өкеп соқтыруы мүмкін. Сондықтан, туристік қызметтің табиғатқа әсерін азайту үшін осы территорияның туризмге жарамдылығын зерттеп, қоршаған табиғи ортаның жағдайын бағалау қажет. Осы мақсатпен бағалаудың келесі әдістерін пайдаланады:

1. *Геофизикалық әдіс.* Осы әдістің көмегімен, табиғи орта компоненттерінің арасындағы су мен жылу алмасуын және олардың экожүйенің өнімділігіне әсерін зерттеуге, өзгерген және бұзылған территориялардың баланс құрылымын салыстыруға болады.

2. *Геохимиялық әдіс.* Бұл әдіс қоршаған ортаның химиялық құрамының өзгеру заңдылығын, экожүйенің өздігінен тазаруын, ластану масштабын анықтау қабілетін арттыруға мүмкіндік береді.

3. *Индикациялық әдіс.* Табиғи ортаның жағдайын бағалауға бірегейлі әсерін қарастырады.

Туристік қызметті ұйымдастыру, табиғатты тиімді пайдалану қағидаларына бағынуы қажет. Экологиялық туризмді дамыту жоспарын құрастыру барысында, ландшафт пен территориялардың рекреациялық мүмкіншіліктер тұрақтылығын ескеру керек. Экологиялық туризм табиғи қорғау және экологиялық мәселелерді шешуші, экожүйелердің сапасын және алғашқы күйінде сақталуын қамтамасыз ету, биологиялық көптүрлілікті сақтау, жергілікті халықтың экологиялық сауаттылығын арттыру,


жергілікті халықтың өмірінің жақсаруының шешуші құралы ретінде қолданылуы қажет.

Кейбір авторлар (Вoo, Kusler) экологиялық туризмді биологиялық ресурстарды сақтап қалуды қамтамасыз ететін құрал ретінде қарауға шақырады. Қазақстан Республикасы — экологиялық туризмді дамыту үшін барынша рекреациялық ресурстарға ие мемлекет. Елімізде ерекше қорғалатын табиғи территориялар және объектілер, анықтап айтқанда қорықтар, ұлттық парктар, қорықшалар, табиғи ескерткіштер жеткілікті.

Бүгінгі күні табиғаттың туризммен жүктелуі адамзат пен қоғамның өзекті мәселесіне айналған. Жүргізілген сауалнама бойынша туристердің 52%-ы туризм әсерінен ландшафтағы жер бедерінің бұзылуы, жергілікті тұрғындар үшін қауіп төндіреді деп санайды. Жергілікті тұрғындар туризмнің зиянды әсерінен пайда болатын факторлар ішінен бірінші орынға көлікпен ауаның ластануын және жердің дұрыс пайдаланбауын қояды. Осыған байланысты табиғи ортаның антропогендік шаруашылық іс-әрекет салдарынан ластануын, туризм саласының қоршаған ортаға тигізетін әсерін зерттеу мәселесі туындайды. Қорғалатын территорияларды қадағалаудың ең нәтижелі құралы экологиялық мониторинг болып табылады.

Экологиялық мониторинг — ақпараттық бақылау жүйесі мен қоршаған ортаның жай-күйін және оған әсер етуді жүйелі түрде байқау мен бағалау. Негізгі мақсаты өзгермелі табиғи құбылыстар тарапынан антропогендік іс-әрекеттерді бөліп қарастыру болып табылады.

Мемлекет тарапынан жүргізілетін экологиялық мониторингтің негізгі зерттеу объектілері: қоршаған орта, атмосфера, жердің беткі қабаты, беткей және жер асты сулары, жануарлар мен өсімдіктер әлемі, табиғат пен жердің озон қабаты, экологиялық жүйелер, қоршаған ортаның адамдар денсаулығына әсер ету факторлары болып табылады. Мониторинг жүйесі бірінбірі толықтырып отыратын екі элементтен: ақпараттық жүйе және басқарудан тұрады. (1-сурет)



1-сурет. Мониторинг жүйесінің сызбалық кескіні

Әдетте, экологиялық мониторинг жүйесі ерекше қорғалатын табиғи территориялар жұмыс істеу жобаларына енгізілген. Қорық немесе ұлттық парк басқармасы экологиялық мониторинг жүйесінің мәліметтер топтамасын қолдана отырып, өздерінің жұмысын табиғатты қорғау мен экологиялық туризмді дамытуға бағытталған жұмыстарды жүргізе алады. Экологиялық мониторинг көмегімен, жабайы табиғатқа

басып кіруді немесе антропогендік зардаптарды азайту мақсатында туризмді тиімді ұйымдастыруға болады. Туристердің табиғи аймаққа жоспарсыз басып кіруі, жағымсыз әсер етуі мүмкін. Себебі, жануарлар мен өсімдіктер көбею зонасында немесе төзімсіз қоршаған ортада туризмді дамыту тіпті мүмкін емес.

Қазақстанда экологиялық мониторингтің даму деңгейі жақсы жетілмеген, заман талабына сәйкес келетін қоршаған ортаны бақылау жұмыстары, мемлекеттік ұлттық саябақтарды дамыту жоспары, қорғалатын территорияларды қаржыландыру көздері жүзеге жөнді асырылмаған. Мемлекеттік табиғатты бақылау орындары, қоршаған ортаны зерттеп, бақылау құралдарымен (көлік, ғылыми ізденіс құралдары, техникалық және компьютерлік саймандар және т.б.) қажетті деңгейдің 40-80% аралығында қамтамасыз етілген. Бірақ олардың жалпы саны нәтижелі көрсеткішке қол жеткізе алатын мөлшердің 20%-ын құрайды. Сонымен қатар, табиғи зерттеу мекемелерінде техникалық бақылау мен өлшеу құралдарының ескіруі, алынатын мәліметтердің көлемі мен дәлдігін төмендетеді.

Мониторинг жүйесін жүргізетін, бақылау жұмыстарына жауапты министрліктер мен ұйымдар арасында біртұтас дамыту жоспарының болмау салдары, қазіргі таңдағы қоршаған ортаның жағдайын білуге және уақытында толық мәлімет алуға кедергі келтіреді. Жақын арада ерекше қорғалатын табиғи аумақтарда экологиялық туризмді дамыту мақсатында Қазақстан Республикасы Туризм индустриясы комитеті мен Орман және аңшылық шаруашылығы комитеті, Үкіметтік емес ұйымдардың экологиялық форумы, Қазақстан туристік қауымдастығы арасында өзара түсіністік туралы меморандумға қол қойылды. Қазіргі таңда меморандумда жоспарланған іс-шаралар толығымен жүзеге асырылмаған, экологиялық мониторингке қажетті шаралар көрсетілмеген. Осыған байланысты экологиялық мониторингті қолдана отырып, туризмді дамытуға бағытталған төмендегідей ұсыныстар туындайды:

1. Геоақпараттық жүйелер негізге алынып, мониторинг жүйесіне жауапты барлық мекемелер мен ұйымдарды қамтитын өндірістік мониторинг мәліметтерін ескере отырып, қоршаған ортаны және табиғи ресурстарды зерттеп, бақылауға алатын біртұтас мемлекеттік экологиялық мониторинг орталығын ұйымдастыру.

2. Экологиялық туризмді дамытуға қызығушылық тудыратын мемлекеттік ұлттық табиғи парктардың және мемлекеттік орманды табиғи резерваттардың инфрақұрылымын дамытудың бас жоспарларын әзірлеу.

3. Қоршаған ортаны бақылау, зерттеу жұмыстарын жүзеге асыратын мекемелер жұмысын ретке келтіріп, турсоператорларды тандау арқылы ерекше қорғалатын табиғи парктарда келушілер ағынын реттеу жүйесін даярлау. Туристер ағымының табиғи территорияға нұқсан келтірмейтін сыйымдылығын анықтау.

4. Экологиялық мониторинг жүргізілетін табиғи территорияларды аудандастыру, түрлі бағыттағы туристік маршруттардың желісін әзірлеу, жайластыру және сертификациялау.

5. Ерекше қорғалатын табиғи аумақтар мен ұлттық парк аумағында мекен ететін жануарлар мен өсімдіктер

дүниесін бақылауға алу, қорғалатын табиғи территорияларға келушілердің қауіпсіздігін және туристік қорларды қорғауды қамтамасыз ету.

6. Туристік маршруттарды абаттандыру (демалыс орындарын, паналарды жайластыру, кіші сәулет нысандарын дайындау, орнату т.б.) жұмыстарын мониторингтік бақылау жүргізгеннен кейін ғана іске асыру.

7. Жарнама, ақпараттық қызметті жүргізу.

Негізінен алғанда, экологиялық мониторинг қоршаған ортаның сапасын жақсартумен тікелей айналыспайды, ол тек негізгі экологиялық шешімдерді қабылдау барысын ақпараттық мәліметтер топтамасымен қамтамасыздандырады және тиісті іс-әрекеттер ретін анықтайды.

Барлық жағдайда экологиялық туризмнің дамуы биологиялық өртүрлілікті сақтап қалу мақсатын көздеп, пайда түсіруге міндетті. Бұл мынадай жағдайларға байланысты болады:

- туристерді қызықтыратын табиғаттың ерекшеліктері, бірегей компоненттері болуы қажет;
- қорғалатын аумақтың тұрақты туризмді енгізуге және жетілдіруге заңды құқығы болуы керек;
- адамдардың қаржы төлеу мүмкіндіктерін, мемлекеттік салықты ескеретін икемді баға құру саясаты жасалуы қажет.

Қазақстанда экологиялық туризмнің дамуы, республикадағы табиғи-шаруашылық кешендердің дамуына және басты әлеуметтік-экономикалық мақсатта халыққа жағымды қоршаған орта жағдайларын құру және қоғамның тұрақты дамуы үшін зор үлесін тигізеді. Дегенмен, туризм пайдалы болу үшін алдын-ала жоспарланған бағдарламасы және экотуристік аймақтар мен орталықтарды толығымен зерттейтін жұмыс құралдары болуы қажет. Қазіргі таңда уақыт талғамына қарай экологиялық туризмнің даму тенденциясы байқалады.

Осы орайда туризмнің жағымды мақсатты көздейтін, экономиканың бір саласы болып саналатын

экологиялық туризмді дамытуды қатан жүйеде бақылау қажет. Себебі, орынсыз оны көтермелеу, дамытуды жоспарсыз ұйымдастыру экологиялық туризммен қатар экологиялық зардаптарды да әкелуі мүмкін.

Экологиялық туризмнің дамуы, қоршаған ортаны қорғаудың тиімділігін, экологиялық мәселелердің шешілуін дер кезінде қарастыруға себебін тигізеді. Еліміздің Президенті Н.Ә. Назарбаевтың мемлекетті дамыған 50 елдің қатарына қосу стратегиясы, Қазақстан халқына жолдауы («Қазақстан-2030») Қазақстанның көркеюін, бақталаса алатын мемлекеттер қатарына қосылуын, халықтың әл-ауқатының жақсаруын, туған жердің гүлденуін, саяси тұрақтылық пен экономикалық дамуды көздейді. Осындай болашағы жарқын мемлекеттің тірі табиғаты мен таза ауасы болуы керек.

#### Қолданылған әдебиеттер тізімі:

1. *Израэль Ю.А.* Экология и контроль состояния природной среды. — М.: Гидрометеоиздат, 1984. — 56 с.
2. Республика Казахстан. Концепция экологической безопасности Республики Казахстан на 2004–2015 годы. — Астана: Ақорда, 2004. — 17 с.
3. Республика Казахстан. Закон от 9 января 2007 года №212-III — ЗРК. Экологический Кодекс Республики Казахстан. — Астана: Ақорда, 2007. — 173 с.
4. Экологический туризм как вид туризма. Учебник под редакцией проф. Чудновского А.Д. — М.: ЭКМОС, 2003.
5. *Ледовских Е.Ю., Моралева Н.В., Дроздова А.В.* Современная концепция экотуризма. // *Экотур.* 2002. — №3. — С. 17-19.
6. *Сергеева Т.К.* Экологический туризм. — М.: Финансы и статистика, 2004. — 360 с.
7. *Глухой В. В., Лисичкина Т. В., Некрасова Т. П.* Экономические основы экологии. Учебник для вузов. — СПб.: Специальная Литература, 1995. — С. 96-97.
8. *Герасимов И.П.* Научные основы мониторинга окружающей среды. — М.: Гидрометеоиздат, 1987. — 25 с.



## Алакөл қазаншұңқырының топонимикасы және оның экологиялық мәселелері

Қ.Т. Сапаров, г.ғ.к., доцент

А.Н. Рахимова, Қазақ мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің магистранты

Алакөл қазаншұңқыры Балқаш маңы ойысынан Басты Жонғар жарылымымен бөлініп тұрады, ол бедерде Арғанаты тауының солтүстік-шығыс кертпеші ретінде ғана көрінеді. Ол Емел өзенінің аңғары мен Жонғар қақпасы арқылы Жонғар ойысымен бөлінеді [1].

Алакөл ойысы жер бедерінің өртүрлілігі жана тектоникалық қозғалыстардың белсенділігімен ерекшеленеді. Мұндағы аккумулятивті жазықтардың үстінде тектоникалық кертпештермен шектелген Көрпешбай және Арқарлы ұсақ шоқылы массивтері айқын көрінеді, антропогенді шөгінділердің пликвативті және дизъюнктивті бұзылулары анықталған. Ойыстың біршама төменгі бөлігінде көлді және атыраулы жазықтармен көмкерілген, ал перифериясында аллювиальді және проллювиальді жазыққа ауысатын

Сасықкөл-Алакөл тобының көлдері алып жазыр. Эолды құмды бедер аумақтың аздаған бөлігін алып жатыр [2].

Алакөл қазаншұңқыры Қазақстанның оңтүстік-шығысында Жонғар Алатауы және Тарбағатай тау жүйелері арасында шамамен ауданы 19 мың шаршы шақырым болатын тауаралық көлдік ойыс. Қазаншұңқыр солтүстігінде Тарбағатай жетасымен (2992 м) шектеседі, тауалды жазық (400–800 м) келетін жотаның оңтүстік етегі бойымен 180 км-ге Алакөл және Сасықкөл көлдерінің солтүстік жағаларына дейін 50–70 км-ге созылып жатыр. Қаракөл, Егінсу, Үржар, Қатынсу, Еміл және т.б. өзендер аңғарларымен тілімденген. Бұл жердің жазықтық сипатын Жайтөбе, Балатөбе сияқты жеке таулар бұзады. Қазаншұң-

қырдың солтүстік-шығыс бөлігінде Аркарлы, Акалы және Қарақас жоталары, Тарбағатайдың тау сілемдері орналасқан. Қазаншұңқырды шығысынан Майлы және Барлық сияқты үлкен емес жоталары шектейді, соңғысы Алакөл және Жаланапкөл көлдеріне тығыздай енеді. Барлықтың төбелі-жоңды лесті тауалды бөлігі (теңіз деңгейінен 500-1100м) 750 км ауданды қамтып, мемлекет шекарасы бойымен Еміл өзенінен Шүршіт өзеніне дейін 50км-ге созылып жатыр. Жоңғар Алатауы жотасы қазаншұңқырды оңтүстігіндегі Сайқан, Текелі т.б. қыркалар жүйесінен шектейді. Осы жотаның шөлді тауалды бөлігі ұзындығы 180км және ені 25км-ге дейінгі жіңішке тау асты шлейф ретінде Алакөл өзенінің оңтүстік-батыс жағалауына еңістеліп төмендейді де, тасты-тақырлы болып келеді. Барлық және Жоңғар Алатауы арасындағы Жоңғар қақпасы деп аталатын таулы өткел Алакөл қазаншұңқырын Қытайдағы Ебінүрмен қосады. Бұл өткел арқылы бұрынғы замандарда б.з.д. II ғасырдан б.з. XIII ғасырына дейін Орталық Азияда стратегиялық маңызды рөл атқарған Ұлы Жібек жолының керуендері өткен. Француз саяхатшысы Вильгельм де Рубрук жазбаларында Алакөл жағалауында 1253ж монғол провинциясының басты қаласы болғандығын және белгілі таулы өткел «Кантағай тарлы жері» деп аталғандығын жазған. Қазаншұңқырдың батыс шекарасы Сарықұм және Қарақұм құмды шөлдерімен шартты түрде өтеді. Қазаншұңқырдың орталық бөлігінде Алакөл, Сасықкөл, Жаланапкөл және Қошқаркөл (Ұялы) өзендер тобы орналасқан.

Қарастырылып отырған аумақта палеозойдың соңында таулы ел болған. Мезозойда қарқынды эрозиялық денудациялық үрдістер нәтижесінде пенепленге айналғандығын Жоңғар Алатауы, Барлық және Тарбағатайда сақталған тегістелу беттері дәлелдейді. Палеозойлық тау жыныстары қалдықтарынан тұратын жайпақ төбелі жазық біршама және ыстық құрғақ климат жағдайындағы қызыл түсті құмтасты саздардың шайылуына өкеп соқтырды. Төрттік дәуірдің басында Жоңғар Алатауы және Тарбағатайдың қарқынды көтерілуімен қатар Алакөл қазаншұңқыры төмендеді, ал эрозиялық үрдістер Жоңғар Алатауы және барлық етектерінде аллювиальді-пролювиальді шлейфтердің қалыптасуына өкеп соқтырған.

И.В. Мушкетов болжамына сай [3], Балқаш-Алакөл ойпаты үштік кезеңде Жоңғар қақпасы арқылы Арал-Каспий алабы және Ханкай теңізі арасында кең бұғаз түрінде мұхит астында болған [4]. Геолог А.Влаголидің пікірінше, олар үштік кезеңнен кейін бөлінген Балқаш, Алакөл, Сасықкөл көлдері ежелгі үштік теңіздердің қалдықтары болып келеді [5]. Тянь-Шань, Жоңғар Алатауы жоталарының мұздану кезеңінде, Алакөл тобының көлдері мұзданудан кейінгі кезеңде ауданы 6250 км<sup>2</sup>-ге жеткен біртұтас су қоймасы болған [6]. Балқаш-Алакөл жүйесі шамамен 1 млн жыл бұрын Лихвинск мұздануынан кейін пайда болған деп есептеледі, бұл кезеңге таулы азиялық зоогеографиялық өтпелі облысының гидрофаунасы қалыптасуы жатады. Кейін Сасықкөл, Қошқаркөл,

Алакөл көлдеріне бөлінген. Тіпті XIX ғасырдың бірінші жартысында олардың деңгейлері мен өлшемдері өзгеріске ұшыраған. 1840 жылы бұл көлдерді А.Шренк зерттеп, олардың деңгейін өте төмен деп тапты. Алакөл көлінің ең оңтүстік бөлігіндегі құм қалқан, Алакөлді Кіші Алакөл көлінен бөліп тұрғандығын көруге болады [7].

Тарихи құжаттарды (юнань династиясы жазбаларынан бастап қытай әдебиет көздерінде де Алакөл туралы мәліметтер кездеседі) игеру XIII ғасыр саяхаттарының сипаты және XVI-XVIII ғасырларда сақталған географиялық карталар (А.Шренк, А.Голубев, В.А. Обручев, П.П.Семенов-Тянь-Шанский, К.В.Курдюков) Балқаш-Алакөл теңіз алабы басында Балқаш және Сасықкөл-Алакөл су қоймаларынан бөлінгендігін дәлелдейді [7,8,9,10,11].

Бұл құм қалқанды қырғыздар Алакөлдің бір жағынан екінші жағына өтуге пайдаланған. Олар арқылы А.Шренк те өткен. Сонымен бірге ол Алакөлдің екі ірі аралдарының бірі Үлкен Аралтөбе өз кезінде түбек болғандығын айтты.

Балқаш-Алакөл қазаншұңқырының пайда болуы мен геологиялық тарихының ұқсастығын алғашқы болып жазып қалдырған қазақтың ұлы ғалымы Ш.Уалиханов, оның тұжырымы бойынша Алакөл тобы бір кездегі Үлкен Балқаштан бөлініп қалған [13].

Бұл уақытқа А.И. Сильвергельмнің Алакөл көліндегі екі тауаралық қалқанмен қосылып түбек түзетіндігін және ол теңіз деңгейінің өте төмен болуына себепкер екендігін айтқан хабарламасы жатады. Алакөл және Сасықкөл арасындағы мойнақ туралы А.И.Сильвергельм ол батпақты жер екендігін, кей жылдарда мойнақ су астында қалатындығын жазады [14]. 1862 жылы А.Ф.Голубев барды, Шренк барған кездегі Кіші Алакөл көлін басты су қоймасынан бөліп тұрған Нарын-өзек мойнағы 1862 жылы су астында қалғандығына көңіл бөлді. Ол былай жазады: «Бірнеше жыл бұрын бұл мойнақпен қырғыздар емін-еркін көшіп-қонып, керуендер өткен, ал қазір екі мойнақ та су астында және онымен өтуге жол жоқ». 1881 жылы мұнда Тихменев және Пославский сияқты топографтар жұмыс істеді және олар Алакөл өзенінің оңтүстік бөлігінің шамамен ортасын қосатын және Кіші Алакөл көлін бөлетін екі құмды қалқан ретіндегі тұтас мойнақтың болғандығын жазды. Бірақ онымен өту мүмкін болған жоқ, өйткені солтүстік-батыс желдер кезінде толқындар, қолайлы жағдай кезінде мойнақтың ені ең тар жерінде шамамен 150 қадам екендігіне қарамастан, мойнақты жауып тастайды. Бұл мәліметтерге сай, 1881 жылы Алакөл көлінің деңгейі төмен болған, осындай өте төмен деңгейдегі кезін В.В.Сапожников анықтады.

766 жылы Қарлұқ мемлекетінен бастап, 960 жылы Қарахандар династиясына дейін қарлұқтардың батыс шекарасы Ыстық көл (Түрік көлі), ал шығыс шекарасы кезінде Шаған деп аталған Алакөл көлі, оның солтүстік-шығыс жағалауында Карантия қаласы болды. Тентек өзенін Шария деп атады. Қарлұқтар мең кимактар арасындағы солтүстік шекара сол кезде Тохама деп аталған Балқаш көлі арқылы өтті, оның оңтүстік-

батысында Дамиртач каласы орналасты. Алакөл XII-XIX ғасырларда Гурге-Нор (монғ. Көпіркөл), кейін Алактагол, Алатеніз, Алакта деп те аталған. Көл теңіз деңгейінен 247,3 м биіктікте орналасқан. Көлдің аумағы (аралдармен қоса есептегенде) 2696 км<sup>2</sup>, ұзындығы 104 км, ең кең ені 52 км. Жағалауларының ұзындығы 384 км, орташа тереңдігі 22,1 м (ең терең жері 54 м). Көлдің су көлемі 58,56 км<sup>3</sup>, су жинайтын алабы 47859 км<sup>3</sup>. Бұл көлдердің аумағы, орналасқан жағдайы, көлемі мен суларының түстері де ала-кұла, алуан түрлі. Осы жағдайды жете біліп, дұрыс аңғарған халық көл атын Алакөл деп атаған [15]. Біздің пікірімізше қамыс, құрақ өсімдіктері басым келетін көл суының түсін анықтайтын минералдық заттардың (тұздардың) көп мөлшерде болуына және тарғылданып жататындықтан да аталуы мүмкін.

1857 жылы П.П.Семенов-Тянь-Шанский былай жазды: «Алакөл көлі алабы біздің кезімізде (1840-1858) екі басты көлден – Батыс және Шығыстан тұрды, олар бірінен-бірі ені 20 верст қамыстар басып жатқан батпақты мойнақпен бөлініп тұрды. Кейбір жыл мезгілдері немесе жылда мойнақ екі өзен бір-бірімен араласып кететін жағдайға дейін су астында қалатын». Өткен жүз жылдықтың алғашқы екі он жылдығында Алакөл көлінің деңгейінің күйі В.Н.Шнитников байқауларынан кейін анықталады [16]. 1914 жылы өзінің бір экспедициясында Сасықкөл көлі арқылы өтіп, В.Н.Шнитников мұнда бірнеше жыл бұрын қамыс өскен құрғақ жол, мәліметтер алдыңғы минимум деңгейі 70-80 жылдары болғандығын, ол сол уақыттан бастап деңгейдің көтерілгендігін анықтайды.

Алакөл көлінің солтүстік-шығыс жағалауының топонимикасын зерттеген ғалым К.Д.Каймулдинова масштабты 1:500 000 карта негізінде аумақта кездесетін 100-ге жуық топонимдерді (потамоним, комоним, ороним, қыстау аттарын) жіктеп көрсеткен. Оның зерттеулерінде 39 қыстау, 22 өзен, 24 комоним, 7 ороним атаулары сипатталып берілген. Өзен аттарында фитонимдер кездесуін топонимдердің салыстырмалы негативтілігі заңдылығымен түсіндіруге болады. Шөл, шөлейт белдемдердің ағарысыз ландшафтары жағдайында өзен бойларындағы белдемсіз орналасқан тоғай бірлестігін құрайтын кейбір ағаш түрлері ерекшеленіп, өзен аттарында суының түсі (Айран, Лай, Лайбұлақ), сипаты (Ұзынбұлақ, Көлденен, Жаланап) бейнеленген [17].

Комплексті физикалық-географиялық аудандастыру сызбасы бойынша қарастырылған ауданның басым бөлігі қоныржай белдеудің шөлдік ландшафтық белдеміндегі Тұран-Балқаш маңы аймағының Балқаш маңы Іле-Алакөл провинциясына жататын Шығыс Балқаш-Алакөл округіне еніп жатыр. Ауданның Солтүстік Тарбағатай етегіндегі тауалды жазығына ауысады. Алакөл ойысында сортаңды-жусанды өсімдіктерден тұратын шөл тараған, тауалды жазығында биіктік белдеулікке сәйкес шөлейт (500 м дейін) және дала (500-800 м аралығында) ландшафтары, батыста, оңтүстік-батыста сортаңды алаптар басымырақ келеді. Алакөлге құятын ірі өзендері Ұржар, Қатынсу, Емді. Ауданда төрттік дәуірдің

борпылдақ жыныстарына шоғырланған жер асты суларының едәуір мол қоры бар. Арасан өзенінің бойында Барлық-Арасан курорты орналасқан. Алакөл қазаншұңқырының қазіргі табиғи кешендері мұзданудан кейінгі кезеңде қалыптасты. Көлдің жер бедері жайылымдар, кейде шабындықтар ретінде қолданылатын сортаңды және шалғынды-батпақты, сортаң ландшафтар басым. Аталған көлдердің жан-жағын 10-25 км алып жатқан ежелгі теңіздік және көлдік тұзданған шөгінділерден түзілген ойпатты-террасалы жазық болып келеді.

Алакөл көлдер жүйесі аумағындағы генетикалық тығыз байланыстағы жер асты және жер үсті сулары ресурстары қарқынды пайдаланылуда. Алакөл жағалауындағы рекреациялық аймақтардың қарқынды дамуы аймақтың экономикалық тұрғыдан өсуінің бір факторы болып табылады. Рекреациялық ресурстардың қарқынды таратылуы және балық ресурстарын орынсыз пайдалану, оның ішінде су ресурстарына антропогендік әсер табиғи геологиялық үдерістермен салыстыруға болатын деңгейге жеткізді. Дегенмен, осы кезге дейін қарастырып отырған аумақтың жеткілікті негізделген су теңестігі жоқ, ал қолда бары эпизодтық не бір жақты сипатқа ие. Сондықтан аумақтың су жүйесінің антропогендік жүктемеге шыдамдылығын бағалау мақсатында су ресурстарының сапалық және мөлшерлік сипатының қалыптасу заңдылығын қарастыру өзекті мәселе болып отыр. Мұндай бағалаудың шынайылығы табиғи ортаның параметрлерін кешенді кескіндейтін сипаттамаларды қолдану кезінде арта түседі [18].

Алакөл жағалауының көлемді дәрежеде опырылып құлауы салдарынан, осы проблеманың шешімін табу үшін 850 м жағалауды бекітіп, нығайтуға техникалық-экономикалық негіздеме жасалды. Жалпы бекітуді талап ететін жағалау аймағы 3 км-дей жолды құрайды. Алдын-ала есептеу болжамы бойынша, қауіпті аймақтарды нығайту үшін 4 млрд теңгеден жоғары көлемде қаражат қажет. Жасалынатын жұмыс көлеміне қарап және жоғарыдағы деректерге сүйене отырып, аумақтық көл жағдайы бірнеше облыстарда да көрініс табатындығына назар аудару керек.

Қазіргі ландшафттар құрылысында әртүрлі жастағы және шығу тегі алуан түрлі элементтер өзара әрекеттесетін, тарихи қалыптасқан геожүйелер Б.Б.Пользов көрсеткендей қазіргі ландшафттар ежелгі, консервативті және прогрессивті түзілімдерден қалыптасады. Яғни, бір элементтер табиғи кешендердің даму тарихында өтіп кеткен фазалар көрінісі болса, басқа элементтер қазіргі фазалар көрінісі болып табылады [19].

#### Әдебиеттер тізімі:

1. *Жандаев Ж.М.* Эрозия и пространственное развитие речных долин. Современные рельефообразующие процессы на территории Казахстана. – Алматы, 1988. – С. 18-20.
2. *Казанская Е.А.* Морфология и динамика берегов озера Алаколь. В ст. Алакольская впадина и ее озера. – Алматы, 1965, – С.55-61.

3. Попов В.Е. Четвертичные отложения долины реки Катунь в Центральном Алтае. Геология СССР. — М.: Наука, 1971. — 287с.
4. Мушкетов И.В. Физическая геология/ Уч. зап. Моск. гос. ун-та. 1964. Т. II, вып.
5. Влангали А. Геогностические поездки в Восточную часть Киргизской степи в 1849-1851 годах. 1853. — 145с.
6. Давыдова и др. История озер Восточно-Европейской равнины. Спб., 1992. — 152с.
7. Шренк А. Berith uder eine im Jahre 1840 in die ostliche Dzungarische Kirgisensteppe unternommene Reise. Reiches, Bd. VII, 1845.
8. Голубев А. Ала-Куль. Зап. РГО по общ. Геогр., Т.: 1867.
9. Обручев В.А. Геологический очерк Прибайкалья и Ленского района. Л., АН СССР. 1932. — 128с.
10. Семенов-Тянь-Шанский. Путешествие в Тянь-Шань в 1856-1857г. М.: Географгиз, 1946. — 256с.
11. Курдюков К.В. О колебаниях уровня озера Ала-Куль Вопросы географии. — 1951. Сб. 24. — С. 117-133.
12. Коровин В.И. Влияние гидрометеорологических условий на сток рек и уровень озер бассейнов рек Верхнего Иртыша и Балхаш-Алакольской впадины. — Л.: Гидрометеоздат, 1966. — 378с.
13. Валиханов Г. Избранные произведения. М.: Наука, 1987. — 415с.
14. Сильвергельм А.И. Военно-статистические обозрение Росс. Империи, 1849, 1852. Т. XVII.
15. Жердің аты — Елдің хаты. Энциклопедиялық анықтамалық. Алматы: «Аруна Ltd» ЖШС, 2006. — 808 б.
16. Шнитников А.В. Внутривековые колебания уровня степных озер Западной Сибири и Северного Казахстана и их зависимость от колебаний климата // Тр. Лаб. Озеровед. АН СССР. — 1950. Т. I.
17. Каймулдинова К.Д. Казак топонимдерінің этноэкологиялық негіздері. — Алматы, «Ғылым», 2001. — 92 б.
18. Ақтымбаева А.С. Оценка экологической устойчивости бассейна озера Алаколь в условиях антропогенного воздействия. Автореф. дисс., канд. геог. наук. — Алматы, 2007. — 16 с.

## Туризмдегі қызметтің басқару психологиясының ерекшеліктері

Қ. Туркменбаева, Абай атындағы ҚазҰПУ-дың оқытушысы

Психологиялық «менеджмент» басқару сөзі, ағылшын тілінде «манус» яғни, қол күші деген сөзінен шығып, ағылшында мал бағу саласында, дәлірек айтқанда ат тізгінін ұстау, менгеру шеберлігін білдірген. Кейіннен бұл атау адам қызметінің саласына ауысып, адамдарды басқарудың және ұйымдастырудың ғылыми-практикалық мәнін білдіретін болды.

Ағылшын тіліндегі Оскфордт сөздігінде бұл ұғымға мынадай түсінік беріледі:

- адамдармен қарым-қатынас жасау әдісі, үлгісі;
- билік және басқару өнері;
- шеберліктің ерекше түрі және әкімшілік дағды;
- басқару органы, әкімшілік бөлігі (1).

Күнделікті тұрмыста «менеджмент» сөзі белгілі бір ұйымдағы барлық адамдардың қызметіне басшылық жасау дегенді білдіреді.

*Менеджердің іс-әрекет бағыты.* Менеджерлер деп аталатын басқарушы топтардың өкілдері барлық фирмаларда жұмыс істейді. «Өзінің офицерлері мен унтерофицерлерін қажет ететін армия секілді, бұқара жұмысшылар үшін де дәл осындай өнеркәсіп офицерлері, басқарушы менеджерлер қажет болды» (4) деп, Маркс көрсеткеніндей менеджменттік жұмыстың ұйымдастырылуына байланысты айтылған.

Топ менеджмент — басқарудың жоғары буыны. Оған директорлар кеңесінің төрағасы, президенті, аға

вице-президенттерді бақылаушыларды жатқызады. Жоғары басқару қызметкерлері компанияның жалпы стратегиясын жасаумен, болжаумен өрі ұзақ мерзімді жоспарлаумен, кадр саясаты мәселелерін шешумен, сыртқы кәсіпорындармен байланыс орнатумен айналысады. Осы деңгейде өнім ассортиментінің өзгеруі, рынок өндіріс қуатын ұлғайту, шетел бөлімшелерін ұйымдастыру т.б. мәселелермен шұғылданады.

Муггле менеджмент — өндіріс бөлімшелері мен функциялық қызметтің ортаңғы менгеруші басшылары, завод директорлары, олардың орынбасарлары оперативтік жұмыстарға ғылыми зерттеулерді жоспарлау мен ұйымдастыруға, өндіруге және өткізуге, есеп пен бақылауды жолға қоюға, кадр саясатын жүзеге асыруға жауап береді. Дәстүрлі ортаңғы басшылардың жұмысы деп есептейді. Дракер көп жағдайда бір сарынды. Шешім қабылдаудың қажеті жоқ, оның міндеті қабылдаған шешімді жүзеге асыру. Көпшілік жағдайда ортаңғы басшылар жергілікті жағдайды ескере отырып, шешімді орындауы тиіс.

Ловер менеджмент — басқарудың төменгі буыны, төменгі басшылар цех жетекшісі, өндірістік, участка бастығы, мастерлер, функциялық қызметтегі секторлар мен топтардың басшылары, жұмысшылар мен қызметшілерге тікелей басшылық етеді. Олардың міндеті — жұмысшыларды тәрбиелеу, өртүрлі

әлеуметтік дау-дамайды басу, компанияның мақсаты үшін, ақыл-ой энергиясын да жұмылдыра білуі тиіс.

Менеджер деген кім? Ол — фирманың жұмыстарын реттеп, меңгеруші. Ал, менеджердің жұмысына дракер сипаттама береді.

Менеджердің негізгі жұмысы кәсіпорынның мақсатын орындайды, сол мақсатты орындау үшін не істеу керектігін жобалайды. Адамдарға нақты міндеттер жүктеп, оны жүзеге асыруды қамтамасыз етеді.

Екінші міндеті менеджер — ұйымдастырушы. Ол жұмысты жүйелеп бөледі, қажетті ұйымдық құрылымды құрады, басшы жұмыскерлердің тиісті құрамын іріктейді.

Үшіншіден, көтермелеу шараларын қамтамасыз етіп, адамдармен тығыз байланыс орнатады. Ол ұжымды өз ісіне жауапкершілікпен қарайтын адамдардан құрады. Менеджер ұжымдағы адамдармен тіл табысып, тұрақты байланыс орнатады.

Төртіншіден, менеджер ұйымның іс-әрекетін талдайды, кәсіпорындағы адамдардың барлық жұмысын бағалайды.

Бесіншіден, кәсіпорындағы адамдардың біліктілігін жетілдіруді және қызмет жағынан жоғарылатып не төмендеуі де ұжым бірлігінің нығайтуы не берекесізденуі менеджерлер жұмысына байланысты. Менеджер жұмысқа ынталандырады, бағыттайды, ұйымдастырады. Менеджердің жұмысының маңызды жақтарының бірі келіссөз жүргізе, әріптесінің мүддесін өз мүддесіне сәйкестендіре білуі тиіс.

1. Өз ұйымының мұқтажы мен өз қызметкерлерінің мүддесі үшін немесе өзінің келісім жасайтын адамдар арасында тепе-теңдік қарым-қатынас орнату қажет.

2. Өзің келісім жүргізетін жақтың пікірлерін ескеретіндігінді білдіру.

3. Келісім кезінде қайшылық кездесе, айқын позиция ұстау. Мұндайда «мен бұған келісе алмаймын» дегеннің себебін түсіндір.

4. Өзіңізбен әңгімелесіп отырған адамның басқа мәдени дәстүрде тәрбиеленуі мүмкін екендігін ұмытуға болмайды. Пікірлесушіге өктемдік жүргізу — келісім жүргізудің тұрпайы әдісі екендігін ұмытпау қажет.

Менеджердің талаптары:

— Төңірегіне жақсы жандарды топтастыр, қабілетті адамдарға сүйен. Өзіңнің бірінші кезектегі мүдденді айқында, күнделікті іс-әрекетіңнің жобасын жүргіз. Ең күрделі проблеманды анықта.

— Нақты іс жөнінде айт. Қалай айтсаң, солай жаза біл, жүргізілген талдаулар материалға енгізіліп, ұсыныс пен шешімдер дұрыс әділ қабылдану керек.

— Басшыға көмектесу, өндіріс участкесіне белгілі ықпал жасау.

— Әркімнің билік аясын нақты айқындап, адамдардың дербес жұмыс істеуіне мүмкіндік беру.

— Сын ескертпелерді ескер, оларды дұрыс қабылда.

— Пайда болған өзгерістерге көңіл аудар.

Шет елдің жоғары корпорация басшылары менеджерлер үшін үш негізгі факторларды бөліп көрсетеді: адамды құрметтеу, клиентке көңіл бөлу, жұмыстың жоғары саласы.

Басқару жөнінде ағылшын консультанттары:

— өзін меңгере білу;

— жеке басының бағалы қасиеттері;

— білімін үнемі жетілдіріп отыру;

— проблемаларды шешуге дағдылану;

— өнертапқыштық және инновацияға қабілеттілік;

— манайындағы адамдарға оңды ықпал ете білу;

— қазіргі әдіс-тәсілдерді білу;

— тиімді жұмысшы топтарын дамыту.

Жеке басының бағалы қасиеттерінің болмауы: жеке басында көмескі мақсаттың болуы, жеке басын жетілдірудің тоқырауы, проблемаларды шешу дағдысының жеткіліксіздігі, творчестволық ықпалдың жетіспеуі, адамдарға ықпал ете алмау. Басшылық дағдысының осалдығы: баули білмеушілік, ұжымды басқару қабілетінің төмендігі. Американ менеджмент мектебі жақсы басшының төмендегі ережелерін ұсынады:

1. Басшы қуғындаушы болмауы тиіс. Өйткені қуғындаушы қарамағындағы адамның ізіне түседі, ал нағыз басшы сонынан ереді. Қуғындаушы өзінің билігіне, ал басшы сонына ерушілердің ықпалы мен көмегіне сүйенеді.

2. Басшы өз ісіне сенімді, батыл мақсат қойып, табанды болуы, әрі осы қасиеттерін қол астындағыларға көрсете білуі.

3. Басшы ұйымдастыру және басқару туралы ғылымды жетік білуі тиіс.

4. Қол астындағылардың еңбегін бағалай білуі керек.

5. Басшы қатал, әрі талап ете білуі тиіс. Алайда қаталдық пен талап қойғыштық ешқашанда кінәмшілдікке, мейірімсіздікке апармауы.

6. Сынды қабылдай білуі, әрі өзі де әділ сынай білуі.

7. Басшы әдепті болуы тиіс.

8. Өзіл-оспақты түсіне білуі. Әдетте өзілдеу көңіл-күйге байланысты еңбек өнімділігіне ықпал етеді.

9. Айта да тындай да білуі.

10. Үнемдеуге тырысу керек. Энштейннен былай деп сұралды: «Сіз барлығын, тіпті ең күрделі проблемаларды формуламен бейнелей аласыз ба?» Сонда Энштейн былай деп жазыпты: « $X+Y=$  жетістік,  $X$  — жұмыс істей білу,  $Y$  — үнемдеуге тырысу».

11. Басшы қарамағындағылардың жағдайын жақсы білуі тиіс.

## Астық тұқымдастар – бағалы азықтық өсімдіктер (ертегі сабақ)

Е.Т. Мылтықбаев, Б.Аралбаев атындағы № 52 орта мектептің биология пәні мұғалімі  
Қызылорда облысы, Жаңақорған ауданы, Сүттіқұдық ауылы

Оқушы шығармашылығын дамытуда басқа да дәстүрлі емес сабақтармен қатар ертегі сабақтары да ерекше орын алады.

Өсімдіктер мен жануарлар дүниесін оқығанда ертегі сабақтар өте тартымды өтеді, осындай сабақтарды балалар қызыға қабылдайды. Жақсы жазылған жоспар, міндетті түрде музыкамен көркемделген тақырып тартымды әсер қалдырып, ұзақ уақыт есте сақталады.

Сабақтың пәрменділігі, жақсы жетістікпен өтуі неғұрлым кейіпкерлер саны көп болып, оқушылар көбірек тартылуына байланысты. Мұғалім сынып оқушыларының әрбір айтылған сөзге дұрыс көңіл бөлулерін ескертуі қажет. Өйткені әрбір сөз биологиялық мағынаны, әртүрлі түсініктерді береді.

**Сабақтың мақсаты:** ертегі кейіпкерлері ретінде әртүрлі дақылдар жайлы мағлұматтар беріп, олардың биологиялық ерекшеліктерін ашу.

**Көрнекі құралдар:** астық тұқымдас өсімдіктердің суреті салынған бас киімдер мен плакаттар, ертедегі адамның бейнесімен жасалынған киім, кешпешөптер.

**1-жүргізуші:** Ерте, ерте, ертеде, ешкі жүні келтеде адамдар өсімдіктерді жабайы түрде пайдаланған екен. Өсімдік өнімдерін, сулы және құрғақ жемістерді, тамырларды, түйнектерді, саңырауқұлақтарды тағамға пайдалануды бірте-бірте үйренген. Олар өздерінің тіршілігіне қажетті өсімдік түрлерін іздеп, орман-тоғайды, тұз даланы кезген. Адамдар өсімдіктерді кездескен жерден жинап алып, дереу тамаққа жұмсағаннан гөрі жабайы өсімдіктердің түсімін жинап сақтауды пайдалы деп ойлады.

**2-жүргізуші:** Сонымен адамдар енді өсімдікті орман, тоғай, даладан іздемей-ақ үй айналасына, жақындатып егуге болмас па екен деген ойға келеді. Сөйтіп, мәдени өсімдіктердің алғашқы түрлері жабайы өсімдіктердің дәндерін егумен топырақты өңдеу нәтижесінде шыққан екен. Адам баласы осы уақыттың ішінде өсімдіктерді танымастай калыпта өзгертті.

Кауденді орамжапырақ ортаға шығады.

**Кауденді орамжапырақ:** Мен орамжапырақпын, қандай қиындықтармен осындай жеуге жарамды түрге жеттім. Басында Жерорта теңізі маңайында өсетін біржылдық кішкене өсімдік едім.

**Ертедегі адам:** Сені осындай жетістікке жеткізген біз – адамдармыз. Сенің бас жағындағы түйіршіктерің кауденді мына қазіргі үлкен кауденге айналдырдық. (Бұрынғы және қазіргі орамжапырақтардың суреттерін көрсетіп тұрады.)

**Кауденді орамжапырақ:** Менің басқа да ағайындарым бар. Олар: Брюссель орамжапырағы, кольраби орамжапырағы, пекиндік орамжапырақ, тарна, гүлді және жапырақты орамжапырақтар. Олар қайдан шыққан?

**Ертедегі адам:** Гүлді орамжапырақтың кішкене ғана гүл шоқтарын өзінің ұрықтандыру әрекеттерінен

айрылған үлкен етті денесін, не төменгі жағындағы гүл шоқтарын Брюссель орамжапырағының кауденіне айналдырдық.

**Кауденді орамжапырақ:** Осы айтып тұрғандарының бәрі шындық па?

**Ертедегі адам:** Шындығына тарих куә, сабақ жағын шырынды етті ұлпалармен толықтыра отырып, кольраби орамжапырақтарымен, ал барлық мүшелерінің көлемін ұлғайта отырып, мал азықтандыратын орамжапырақ шығардық. (Суретін көрсетеді).

**1-жүргізуші:** Осы сияқты мысалдарды кез келген мәдени өсімдіктерден көруге болады. Шынында да адам өсімдіктерді қайта өзгертті. Демек, екпе өсімдіктер олардың ең алғашқы жабайы түрлерінен адамның өзгертуі арқылы алынған.

**2-жүргізуші:** Қазіргі кезде мәдени өсімдіктердің әр түрінің көптеген іріктемелері бар. Әсіресе, ертеден келе жатқан мәдени өсімдіктер бидай, арпа, жүгері, күріштің іріктемелері өте көп.

**Селекционер:** Іріктеме деп әр өсімдік түрінің қазіргі жағдайда ең жоғарғы түсім беретін бір тобын айтады. Әр іріктеме белгілі бір аймаққа, сол айналаның ауа-райына, топырақ жағдайына толық сәйкестендіріледі. Жаңадан жақсы іріктеме шығару оңай жұмыс емес. Жаңа іріктемені бір адам ғана оң-оңай шығара салмайды. Мен өзімнің достарыммен бірге өмір бойы сонымен шұғылданып келемін. Біз өсімдіктің жақсы қасиеттерін онан сайын арттыра береміз. Күріштің 129 іріктемесі бар. Қазақстан селекционерлері шығарған жаздық бидайдың 126 іріктемесі, жеміс дақылдары мен жүзімнің 36 жаңа іріктемесі, бақша дақылдарының 12 іріктемесін шығардық.

**Агроном:** Құрметті мәдени дақылдар, әрқайсыларың бізге керексіңдер. Сендерді өсіру, баптау әдістерін мен жақсы білемін.

**Бидай:** Агроном мырза, менің азық-түліктік, тағамдық өнім ретінде қалай пайдаланатындарыңызды мына көпшілікке айтып беріңізші.

Агроном сызба-нұсқа арқылы түсіндіреді.



**Бидай:** Сабағым – сабан сабақ, оның іші қуыс цилиндр тәрізді, буындары мен буын аралықтарынан тұрады. Жапырағым жапырақ алақанынан және сағақты қамтитын қынаптан тұрады.

**Күріш:** Менің ең атақты іріктемемді Ыбырай Жақаев атамыз шығарды. Ол әр гектарынан 174 центнер күріш беріп дүние жүзіне рекорд жасады. Мені де азыққа өте көп пайдаланады. Жармадан өте дәмді ұн, крахмал, спирт, фитин алады. В дәруменіне баймын.

**Агроном:** Күріштің сабағынан қағаз, қатырма қағаз, жіп жасалады. Себет бойра токиды. Археологиялық қазбадан алынған таңбалар күріш отанының Оңтүстік-Шығыс Азия елдері екенін дәлелдейді.

**Жүгері:** Бұл не әңгіме айтып жатқандарың? Мен де өте ертеден егіліп келе жатқан дақылмын. Сыртқы құрылысым сендерден ерекше, бірақ туыспыз. Мен — дара жыныстымын, бір үйлі өсімдікпін. Аталық және аналық гүлдерім бір өсімдіктің әртүрлі бөліктерінде орналасады.

**Дихан:** Мен — жүгері, бидай өсірушімін. Жүгері — малға арналған ең құнарлы азықтың бірі. Сабағынан жасанды жібек, целлюлоза алуға қажетті шикізат дайындайды. Лиолеум, желім, тығын жасалады.

**Жүгері:** Аталығым сабақтың ұшында, ал аналық гүлшоғырым собық деп аталады. Ол жапырақ қолтығында орналасады. Собық сыртында бірнеше қабат жапырақ текті орам бар.

**Бидай:** Туысқан, менің гүлшоғырым күрделі масақ, әр масақта 4-5-тен гүлім бар.

**Агроном:** Барлықтарыңның гүлдерінде бір типтес екі гүл қабыршағы, екі гүл үлпегі, үш аталық, екі ауызды аналықтарың болады. Жемістерің -дөнек.

**Жүгері:** Мен айқас тозанданамын. Басқаларыңнан айырмашылығым тамыр жүйем өте жақсы жетілген пашак тамыр 2 метрге дейін теренге кетеді, жан-жағыма 1,5 метрге дейін жайылады. Қосалқы тамырларым үлкен көмек көрсетеді.

**Дихан:** Жүгері сабаны тік өрі жуан. Басқаларыңнан тағы бір айырмашылығы сабак іші бітеу, борпылдақ. Биіктігі жарты метрден 4-5 метрге дейін жетеді. Ал тропиктік елдерде сабағы 8 метрлік жүгерілер кездеседі. Жалпы жүгерілер жылылықты жақсы көреді, тынайтқышты дұрыс пайдаланса, түсімі арта түседі.

**Агроном:** Медицинада жүгерінің жібек шашағының түнбасын бауыр, бүйрек ауруларын емдеуге пайдаланады. Жасын массасында 16 пайызға дейін қант болады. Бұл дақылдан 150-ге жуық әртүрлі заттар алынады.

**Дихан:** Сондықтан да егіншілер жүгеріні ерекше дәріптейді. Жүгерінің «Днепр — 56», «Қазақстан — 587», «Алматы — 236» деген іріктемелері бар.

*Жүгері — алтын дән, жүгері жерге сән,*

*Жүгері — малға жем, жүгері тәтті нан.*

**Бидай:** Менің жер шарында 22 түрім бар (мәдени және жабайы), мыннан аса іріктемелерім бар. Ең көп таралған жұмсақ бидай мен қатты бидай. Қазақстанның барлық жерлерінде күздік және жаздық бидай өсіріледі. Жаздық түрлерімді солтүстік облыстарда өсіреді.

**Агроном:** Жаздық бидай тұқымы 12-14 градус жылуда қаулап өседі. Оны ерте көктемде себеді, көп кешікпей көктеп шығады. Көбінесе 2-3 жапырақ пайда болады, сол кезде бидай түпгене бастайды. Содан қар астында қыстап шығып, көктемде қайта өсіп, күзде мол өнім береді.

**Бидай:** Мен өте ерте заманнан келе жатқан мәдени өсімдіктердің бірімін. Мені осыдан 10000 жыл бұрын адамдар тамақ еткен. Менің дәнім аса құнарлы да қуағты азық.

**Күріш:** Достым, мен де сенің туысыңмын. Сен аса көп мақтанба.

**Бидай:** Күріш, сенімен салыстырғанда менің мақтануыма болады, менің құрамымда адам ағзасы үшін қажетті ақуыздар мен көмірсулар 70-80%, В дәрумені, РР және Е дәрумендері, минералды тұздар және басқа қажетті заттар болады.

**Тары:** Ағайындар, бекерге дауласпаңдар! Менің де адам үшін маңыздым зор тағаммын.

**Күріш:** Достым-ау, менің 20-ға жуық түрім бар. Биіктігім 60-150 см, негізінен оңтүстік аудандарда өсемін. Гүлшоғырым сыпыртқы тәрізді. Масағымда бір гүл болады. Аталығым — 6, жемісім — дөнек.

**Тары:** Менің, сабағым тік, жапырақтарым тілі тілі тәрізді. Ені 1,5-4 см түкті, гүлдерім сыпыртқы гүлшоғырына жиналған қос жынысты, керек десең дара жынысты да боламын, өздігімнен тозанданамын, жемісім ұсақ 2-3 мм.

**Бидай:** Туысқандарым, сендер қанша айтсаңдар да, менен артық емессіңдер. Менің дәнімнен әртүрлі ұн, жарма, кеспе, крахмал алуға болады.

**Тары:** Мен монғол шапқыншылығы кезінде сайға тығылған бір ру елді қырғыннан аман сақтап қалғам. Ру басы көшер кезде көп малға менің жемісім мен сабағымды арттырып алған. Қыста сайға тығылып монғолдар шығармай қойғанда жемісімді адамдар тағам етіп, сабаныммен мал қоректенген, сөйтіп қыстан аман шыққан.

**Күріш:** Менің жақсы өсуім үшін жылу, су көп қажет. Өсу кезеңім 90-130 күнге созылады. Іріктемелерім де көп.

**Дихан:** Бидайдан мол өнім алу үшін біздер аянбай еңбек етеміз. Жерді терең жырту, ауыспалы егісті мезгілінде дұрыс егу, тұқымды дер кезінде себу, егісті көктемде тырмалау, органикалық, минералдық тыңайтқыштарды қажетті мөлшерде енгізу, арам шөптерді жою т.б. шараларды қолдану мол түсім алудың кепілі болып саналады.

**Бидай:** Менің ұнымнан нан тағамдарының жүздеген түрлері пісіріледі. Адам нанды қанша жесе де, одан еш уақытта шықпайды, нан — дастарханның берекесі, тіршілік көзі.

**Селекционер:** Селекциялық іріктемелерді ғылыми-зерттеу мекемелері әртүрлі селекция әдістерін пайдалану жолымен шығарды. Жаңа іріктемелер шығаруда табиғаттағы өсімдік байлығы пайдаланылды. Сонымен өсімдіктер іріктемелерін шығаруда аянбай еңбек етудеміз. Ендігі үлкен мақсатымыз мәдени астық тұқымдастардың көпжылдық іріктемелерін шығару. Өйткені астық тұқымына дақылдардың көпжылдық іріктемелерін әлі шығара алмай келеміз. Келешекте шығарамыз деген сенім мол.

**Дихан:** Ал, дәнді дақылдар, сендердің бәрін біз үшін асқан байлықсыңдар, адамның тіршілігіне аса қажетті тағамдардың барлығын да бере аласыңдар. Сондықтан айтыс-тартысты тоқтатып тарасайық.

## Өзендер (6-сынып)

Р.К.Күсебай, М. Орынбасаров атындағы орта мектептің  
география пәні мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Шалқар ауданы

**Сабақтың мақсаты:** оқушылардың өзен және оның бөліктері, өзендердің қоректенуі, шаруашылықта пайдалануы туралы түсінік беру.

**Күтілетін нәтиже:**

1. Өзен бөліктерін, пайда болу заңдылығын біледі.  
2. Сарқырама мен шонғалды ажырата алады.  
3. Өзендердің суға мольғуымен, су режимімен, кәсіптік маңызымен танысады.

4. Өзендерді картадан көрсете алады және кескін картамен жұмыс істеуге дағдыланады.

5. Топпен жұмыс жасау арқылы бір-бірінің идеясын толықтырады және өзара бірін-бірі бағалайды.

6. Суды қорғауға, таза ұстауға, үнемдеуге тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** жаңа сабақ.

**Сабақтың әдіс-тәсілі:** баяндау, суреттеу, сұрақ-жауап, жеке оқушымен жұмыс, топпен жұмыс.

**Сабақтың көрнекілігі:** дүние жүзінің физикалық картасы, интерактивті такта, электронды оқулық.

**Сабақтың барысы:**

**I. Қызығушылығын ояту.**

Сабақтың мақсатын, барысын хабарлау.

1. Мұздықтар, жер асты суы туралы жауап алу.

– Табиғатта су қандай күйде кездеседі?

– Мұздықтың өзен, көл немесе теңіз бетінде қатқан мұздан қандай айырмашылығы бар?

– Антарктида материгі мен Гренландия аралында мұздық не себепті теңіз деңгейіне дейін түседі?

– Жер асты суларының қандай түрлері бар?

– Біз тұратын жерде жер асты суы пайдаланыла ма? Қалай?

2. Бүгінгі сабақ тақырыбымен тапыстыру. Дәптерге күннің жады мен сабақ тақырыбын жазу.

Оқушылар дәптерге өзенге байланысты сөздер жазады. Жазылған сөздерді топтың мүшесі оқып шығады, топтастырылады.

**II. Мағынаны тану.**

Интерактивті тактадан тапсырмалар көрсетіледі.

1. Өзен құрылысымен танысу.

2. Өзендерді картадан көрсету.

3. Өзендердің пайда болу заңдылықтарын, суға мольғуын, қоректену режимін зерттеу.

4. Жергілікті жер өзендеріне қысқаша сипаттама беру.

Арнаны бойлап бір бағытта өтетін су ағыны өзен деп аталады.

**Өзен бөліктері:** бастауы, арнасы, сағасы, саласы, атырау, аңғар, жайылма.

Өзен және оның салалары өзен жүйесіне бірігеді.

Өзендер жазықтық және тау өзендері болып бөлінеді.

**Қоректену режимі:** еріген қар суы, жер асты суы, жаңбыр, мұздық.

Түрлі сулардың келіп қосылуын өзеннің суға мольғуы дейді.

Өзен деңгейінің жыл ішіндегі өзгерісі өзеннің су режимі деп аталады.

Жыл сайын су деңгейінің біршама уақыт көтерілуі тасу деп аталады.

Өзен суының күтпеген жерден кенет қысқа мерзімде көтерілуі тасқын деп аталады.

**Өзенді пайдалану:** балық аулау, жер суару, өндіріске жұмсау, жол қатынасы, электр қуатын өндіру, тұрмыс қажетін өтеу.

1. Оқулықтағы тақырыпты пайдалана отырып, көрсетілген 4 сұраққа жауап беру.

2. Берілген тапсырмалар орындалады.

3. Әр топ бастапқы өз сұрақтары бойынша тапсырмаларын қорғайды.

4. Өз тапсырмасын қорғаған әр топтан кейін барлық оқушыға тапсырма үлгілері беріледі, оқушылар соның ішінен айтылмағандарын табады, сөйкестендіреді, сөйкес келмейтінін анықтайды және картадан көрсетеді.

**Тапсырма үлгілері:**

- Өзен – арнаны бойлап бір бағытта өтетін су ағыны.
- Өзен бастауы деп басталатын жері аталады.
- Он жақтан құятын өзен оң сала деп аталады.
- Өзен деңгейі жыл ішінде өзгереді.
- Суайырық – екі өзен алабын бір-бірінен бөлетін сызық.

- Өзендер таулардан басталуы мүмкін.

- Жер бедері өзен ағысына әсер етеді.

- Дүние жүзіндегі ең ұзын өзен – Ніл.

- Экватор сызығын Конго (Заир) өзені екі рет кесіп өтеді.

- Өзен арнасын жартақ кесекөзден бөгеу жатса, сарқырама пайда болуы мүмкін.

- Шонғалдар мен сарқырамаларда айырмашылық бар.

- Анхель сарқырамасы 1054 м биіктіктен құлап ағады.

- Ежелгі мәдениет ошақтары өзен бойында қалыптасты.

**III. Қорытынды.**

Берілген кесте бойынша өзенге сипаттама беру, кескін картаға белгілеу.

I топ				
Өзен	Қай материкте?	Қайдан басталады?	Қайда құяды?	Ағысының сипаты
Ніл, Дунай, Еле				
II топ				
Өзен	Қай материкте?	Қайдан басталады?	Қайда құяды?	Ағысының сипаты
Амазонка, Енисей, Ергіс				
III топ				
Өзен	Қай материкте?	Қайдан басталады?	Қайда құяды?	Ағысының сипаты
Конго, Обь, Жайық				

**IV. Бағалау.** Топ жетекшісі берілген кесте арқылы оқушыларды бағалап шығады.

**V. Үйге тапсырма.** 1. § 28 оқу.

2. Ірі өзендерді кескін картаға түсіру.

3. Жергілікті өзендерге қысқаша сипаттама беру.

## Халқы мен елдері. Солтүстік Африка елдері (7-сынып)

Б.Б.Джанкулова, Ш.Айманов атындағы жалпы білім беретін казак мектеп-интернатының география пәні мұғалімі  
Павлодар облысы, Баянауыл ауылы

**Сабақтың мақсаты:** Оқушылардың Африка материгінің халқы мен елдері жөнінде білімдерін молайту, алған білімдерін қажет жағдайда қолдана білуге машықтандыру. Материк халқының қалыптасуымен, тіршілік-тағдырымен таныстыру. Африканың қазіргі саяси картасымен таныстыру, нәсілдік теңдікті насихаттау. Атлас, кескін карталармен жұмыс істеуге дағдыландыру.

*Кескін картада Африка халықтарының мекендейтін аймақтарын белгілеу.*



**Сабақтың оқу жабдығы:** Африка халықтарының және саяси карталары, тақырыптық сурет-слайдтар.

**Сабақтың түрі:** жаңа сабақ.

**Сабақта қолданатын әдістер:** «Сын тұрғысынан ойлау бағдарламасының» стратегиялары.

**Жаңа материалды оқып-үйренудің жоспары:**

1. Африка материгі халқының құрамы және олардың материкте орналасуы.
2. Материк елдерінің топтастырылуы.
3. Солтүстік Африка елдері.

**Сабақтың барысы:**

**I. Ұйымдастыру кезеңі.** Сынып оқушыларының назарын сабаққа аударып, оқу құралдарының дайындығын тексеру.

**II. Жаңа сабақты талқылау.**

1. «Ой қозғау» стратегиясын пайдаланып, тақтада материк халқына байланысты сурет-слайдтар көрсетіледі. Көрсетілім барысында тақырыпқа қызығушылық туындайды.

2. Оқулық мәтінімен танысып, тақтада ұсынылған кескін картадағы жұмыс орындалады. Кескін картаға материктегі халықтардың орналасуы түсіріледі.

3. «Елдері» тақырыпшасының мазмұнымен танысып, төмендегі сұрақтарға жауап беру қажет.

• Африка елдерінің артқа қалу себептері (бірнеше ғасыр бойы Еуропа елдерінің отары болуы, құл саудасы, тұруға қолайсыз жерлерге ығыстырылуы, табиғат

байлықтарының аяусыз тоналуы, отаршылдық саясаттың негізінде сауатсыздануы).

• Африкадағы даму дәрежесі ең жоғары мемлекет. (Оңтүстік Африка Республикасы)

• Африкадағы қарқынды дамып келе жатқан елдер. (Ливия, Алжир, Египет)

• Африкадағы даму дәрежесі төмен, мешеу елдер. (Мали, Нигер, Чад, Эфиопия)

4. Мәтін мазмұнымен танысып, Солтүстік Африка аймағының елдері анықталып, дәптерге аттары жазылады: Батыс Сахара, Марокко, Алжир, Ливия, Египет, Тунис.

Ал мазмұнын ашу үшін «Ішіне, сыртына» стратегиясы пайдаланылады. Ұсынылатын атаулар: түйе, қой, марал, бал арасы, құрма пальмасы, шие, алмұрт, мұнай, тас көмір, табиғи газ, фосфорит, темір, мыс, әктас, марганец, Касабланка, Кейптаун, Луанда, Рабат, Александрия.

Ішіне:

түйе, қой, құрма пальмасы, мұнай, табиғи газ, фосфорит, темір, марганец, Касабланка, Рабат, Александрия

Сыртына:

марал, бал арасы, шие, алмұрт, тас көмір, мыс, әктас, Луанда, Кейптаун.

**Египеттің астанасы Каирдегі IX ғасырда салынған Ибн Тулун мешіті**



**Тайпалар арасындағы соғыстарда қорған болған Марокконың оңтүстігіндегі Ксар мекені**



**Сұрақ-жауап түрінде сабақты қорытындылау.**

1. Неліктен негрлердің негізгі мекені Африка?
2. Неліктен Африка халықтарына халықаралық ұйымдар қайырымдылық көмек көрсетеді?
3. Сахара климатының бір кезде ығалды болғанына қандай дәлелдер бар?

**IV. Бағалау.** Оқушылардың белсенділігін, іскерлігін мұғалім бағалайды.

**V. Үйге тапсырма:** Солтүстік Африка аймағының бір еліне хабарлама әзірлеу.



тапсырылды. Оқушылардың өздері құрастырған мына тапсырмалар соған мысал ретінде ұсынылып отыр.

1. Португалиядан шыққан кеме Мадагаскар аралының қиыр солтүстігіне келіп тоқтады. Тоқтаған жерінің координатын анықта.

2. Оқушы картадан солтүстік ендік, шығыс бойлықтағы аралды көрді. Бірақ картаның бүлінуіне байланысты аралдың атын одан оқи алмады.

Мұндай тапсырмалар оқушыларды өте қызықтырды, сабақта белсенділіктерін арттырып географиялық координаталар туралы білімін шындай түсуге жәрдемін тигізді.

Географиялық мәліметтерге, терминдерге байланысты төмендегідей тапсырмалар беріледі. Бұл цифрлар нені көрсетеді?

- А.
- 200 м-ге дейін
- 11022 м
- 8848 м
- 1000 - 2000 м-ге дейін
- 200 - 500 м-ге дейін
- 500м - ден жоғары
- Ә. Төмендегі қай термин артық?

Ядро, мантия, ойыс, жер қыртысы, шын, күм, бархан, жыра, ойпат, қырат, сарқырама, үстірт, беткей, шын, жота, қайраң, асу.

- «Кім тез» ойыны.
- Ең биік тау. (Гималай)
- Ең ұзын тау. (Анд)
- Ең биік жазық. (Үстірт)
- Ең терең шұңғыма. (Мариан)
- Ең үлкен арал. (Гренландия)
- Ең үлкен түбек. (Арабия)
- Тау деп нені атайды?
- Таулар биіктігіне қарай қалай бөлінеді?.
- Жазықтар деп нені атайды?
- Жазықтар биіктігіне қарай қалай бөлінеді?
- Жер қыртысының қалың жері.
- Жер қыртысының жұқа жері.
- Таулар қандай түспен боялады?
- Жазықтар қандай түспен боялады?

Географиялық ойындар — сыныпта жүргізілетін жұмыстардың ең қызықтысы. Ойынның қандай түрі болса да, балаларды өзіне тартып әкететіні белгілі. География пәні бойынша сабақта әртүрлі қызықты ойындар жүргізе отырып, белсенділіктерін арттыруға болады деп ойлаймын.

## «Атмосфера» тарауын қайталау (6-сынып)

А.Қ. Ахетов, І. Үргенішбаев атындағы орта мектептің география пәні мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Шалқар қаласы

**Мақсаты:** 1. Оқушылардың «Атмосфера» тарауы бойынша алған білімдерін тексеру.

2. Экологиялық білім беру, логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.

3. Табиғатты аялауға, ұқыптылыққа тәрбиелеу.

**Сабақ типі:** қайталау.

**Сабақ түрі:** дәстүрлі емес.

**Әдісі:** сайыс.

**Көрнекілігі:** жұмбақ, есеп, интерактивті тақта.

**Сабақ барысы:**

**Ұйымдастыру.** Сыныпты 3 топқа бөлу.

**Үй тапсырмасын сұрау.**

Мига шабуыл.

1. Атмосфера дегеніміз не?
2. Атмосфераның төменгі қабаты қалай аталады?
3. Французша «зонд» дегеніміз не?
4. Атмосфералық қысымды өлшейтін құрал.
5. Атмосфералық жауын-шашынға нелер жатады?
6. Көктемгі күн теңелу қай уақытта болады?
7. Жер бетіндегі жылудың негізгі көзі.
8. Түріне қарай бұлттар қалай бөлінеді?
9. Желді немен өлшейді?

10. Ауа райының белгілі бір жердегі сипатын не деп атайды?

**Жұмбақшылар сайысы.**

1. Өуеден күбі түсті,
2. Ақ сандығым ашылып,
- Күбінің түбі түсті.
- Ішінен жібек шашылды.

(Найзағай)

(Күннің көзі)

3. Тарсылдап түседі,  
Жер бетіне жетеді.  
Жер бетіне жеткен соң,  
Ғайып болып кетеді.  
(Бұршақ)
4. Қанаты жок, ұшады.  
Аяғы жок, желеді.  
Аузы жок, ұлиды.  
(Боран)
5. Қолы жоқ, сурет салады,  
Тісі жоқ, тістеп алады.  
(Аяз)
6. Қара аспанның тауында  
Кіік кетіп барады.  
Қол аяғын бауырына  
Жиып кетіп барады.  
(Бұлт)

**«Жас математиктер» сайысы.**

I топ.

1) 4000 м биіктікте термометр 0°С-ді көрсетті. Бұл кезде тау бетінде қандай ауа температурасы болады?

$$4000 : 1000 = 4$$

$$4 \cdot 6^{\circ}\text{C} = 24^{\circ}\text{C}$$

II топ.

1) Жер бетінде ауа температурасы 20°С болса, 2 км биіктіктегі ұшақтың бортының сыртында ауа температурасы нешеге тең екенін есептеу.

$$2 \cdot 6 = 12$$

$$20 - 12 = 8^{\circ}\text{C}$$

III топ.

1) Егер ауа температурасы жер бетінде - 20°С, ұшып бара жатқан ұшақтың сыртында - 10°С-қа тең болса, ұшақтың қандай биіктікте ұшып бара жатқанын табу.

$$20 + 10 = 30$$

$$30 : 6 = 5$$

$$5 \cdot 1000\text{м} = 5000\text{м} = 5\text{км}$$

I топ.

Айлар												Жылдық орташа температура	Жылдық амплитуда
I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII		
-16°	-14°	-6°	0°	6°	15°	18°	16°	8°	1°	-7°	-13°		

## II топ.

Айлар												Жылдық орташа температура	Жылдық амплитуда
I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII		
-20°	-18°	-9°	4°	11°	17°	18°	17°	12°	5°	-6°	-13°		

## III топ.

Айлар												Жылдық орташа температура	Жылдық амплитуда
I	II	III	IV	V	VI	VII	VIII	IX	X	XI	XII		
-18°	-17°	-8°	3°	10°	16°	19°	16°	10°	4°	-5°	-12°		

## I топ.

Желдің бағыты	Осы бағытта соққан желді күндер саны
С	3
СБ	4
СШ	2
Б	7
Ш	1
О	6
ОБ	4
ОШ	3

## II топ.

Желдің бағыты	Осы бағытта соққан желді күндер саны
С	2
СБ	5
СШ	7
Б	2
Ш	4
О	3
ОБ	1
ОШ	4

## III топ.

Желдің бағыты	Осы бағытта соққан желді күндер саны
С	3
СБ	1
СШ	6
Б	2
Ш	3
О	5
ОБ	2
ОШ	3

## Географиялық тест.

1. Жердің ауа қабығы.

- а) Тропосфера                      с) Биосфера  
 в) Атмосфера                      д) Гидросфера

2. Ауаның құрамында

- а) 78% азот, 21% оттегі, 1% басқа газдар  
 в) 1% оттегі, 78% азот, 21% басқа газдар  
 с) 21% оттегі, 1% азот, 78% басқа газдар  
 д) 78% оттегі, 1% азот, 21% басқа газдар

3. Атмосфера қысымын анықтайтын құрал.

- а) Сейсмограф                      с) Термометр  
 в) Барометр                      д) Манометр

4. Ауаның температурасын өлшейтін аспап.

- а) Термометр                      с) Термостат  
 в) Барометр                      д) Гигрометр

5. Жер бетінде ауаның горизонталь бағытта орын

ауыстыруы.

а) Ағыс

в) Азимут

6. Ауаның ылғалдылығын өлшейтін аспап.

а) Барометр                      с) Гигрометр

в) Термометр                      д) Флюгер

7. Егер желдің бағыты солтүстік-шығысқа қарай болса, ол қайдан соғып тұр?

а) Оңтүстік-батыс                      с) Солтүстік-шығыс

в) Солтүстік                      д) Оңтүстік

8. Французша «жеңіл жел».

а) Муссон                      с) Бриз

в) Пассат                      д) Тұман

9. Ауаның температурасы әрбір км-ге көтерілген сайын қанша градусқа төмендейді?

А) 2°С                      в) 6°С                      с) 9°С                      д) 15°С

10. 1м<sup>3</sup> ауа құрамындағы су буының мөлшері, ол граммен көрсетіледі.

а) Салыстырмалы биіктік

в) Салыстырма ылғалдық

с) Атмосфералық жауын-шашын

д) Абсолютті ылғалдық.

Дұрыс жауап.

1 в                      3 в                      5 д                      7 а                      9 в

2 а                      4 а                      6 с                      8 с                      10 д

Койылатын баға

9-10-«5»                      6-8-«4»


4-5-«3»

Қорытынды.

Сонымен, «Атмосфера» тарауы бойынша ауа райың, бұлт түрлерін, желдің қалай пайда болатынын білдіңдер.

Бекіту.

## Сөзжұмбақ «Атмосфера».



1. Атмосфера дегеніміз не?

2. Температураны немен өлшейді?

3. Қысымды өлшейтін құрал.

4. Грекше жер.

5. Жердің солтүстігі мен оңтүстігінде не бар?

6. Желдің бағытын өлшейтін құрал.

7. 21% ауада болады.

8. Күн мен түн қай айда тенеледі?

9. 78% ауада болады.

Үйге тапсырма: Қайталау.

Бағалау.

## Көлдер (6-сынып)

Қ.Ж. Қасымова, Жабасақ орта мектебінің география пәні мұғалімі  
Ақтөбе облысы, Әйтеке би ауданы



### Сабақтың мақсаты:

1. Оқушыларға көл туралы түсінік, оның маңызы мен түрлері жөнінде білім беру.

2. Жер бетіндегі суларды, соның ішінде көлдерді қорғауға оның а7 дам үшін қажеттілігін түсіне білуге, үнемді пайдалануға тәрбиелеу.

3. Жаңа мағлұматтар беру арқылы ой-өрістерін кеңейту, негізгі объектілерді картадан таба білуге дағдыландыру, сөйлеу, ойлау қабілеттерін дамыту.

Көрнекі құралдар: Дүние жүзінің, Қазақстанның физикалық карталары, тірек-сызба, кескін карта, атлас, бағалау парағы, топ атаулары, семантикалық карта

**Көрнекі құралдар:** Дүние жүзінің, Қазақстанның физикалық карталары, тірек-сызба, кескін карта, атлас, бағалау парағы, топ атаулары, семантикалық карта

**Сабақтың түрі:** жаңа сабақты меңгерту.

**Сабақтың әдісі:** баяндау, топпен жұмыс, сұрақ-жауап, тірек-сызба арқылы ойлау.

**Пәнаралық байланыс:** әдебиет, информатика, жаратылыстану, тарих.

### Сабақтың барысы:

**I. Ұйымдастыру.** Оқушыларды 4 топқа бөліп, сабақтың мақсатымен, өтілуімен таныстыру.

### II. Қызығушылықты ояту.

1. Кім қай жыл мезгілін ұнатады?

2. Оқушыларға жұмбақ айту арқылы сабақ тақырыбы белгілі болады.

3. Суға байланысты оқушылардың білетін өлең, тақпақ, мақал-мәтел, әңгімелерін айтқызу. Мысалы:

*Көлдің көркі – құрақ,  
Таудың көркі – бұлақ.  
Су – табиғат анасы.*

4. Семантикалық карта.

Көлге тән сипаттама	Байкал, Бстықкөл, Зайсан	Арал	Каспий	Балқаш, Байкал	Ява, Куриль ар. көлдер	Сарез, Үлкен Алматы	Онега, Ладога	Тұщы	Ащы	Шөкпе, тұнба	Ұлы көлдер
Ірі көлдер (теңіз)											
Көлдер											
Ең ірі көл											
Тектоникалық көл											
Бөген көл											
Қалдық көл											
Жанартаулық көл											
Ағындық көл											
Ағынсыз көл											
Ресейдегі көл											
Солтүстік Америкадағы көл											

**V. Геодиктант.** Ой толғаныс. Ассоциациялық ой жиын жасау. Жеке, жұппен, топпен жұмыс.

*Сексен көл Көкшетаудың саясында,  
Әрқайсы алтын кесе аясында.  
Ауасы дертке дауа, жұпар исі  
Көкірек қанша жұтса таясың ба?*

С.Сейфуллин

4. F. Мүсіреповтің «Көлде» деген әңгімесі тыңдалады.

5. а) Көл дегеніміз не?

б) Қандай көлдерді білесіңдер? (Атап, картадан көрсету)

**III. «Ой қозғау» стратегиясы бойынша топтық жұмыс.**

1-топ. Көлдер.

2-топ. Көл қазаншұңқырлары қалай пайда болады?


3-топ. Ағынды және ағынсыз көлдер, көлдердің батпаққа айналуы.

4-топ. Көлдердің шаруашылықтағы маңызы.

Оқушылар берілген тақырыпшаны оқи отырып, тарауларға жұмыс барысында талдау жасайды.

Әр топтан бір оқушы шығып тапсырманы қорғайды. Қалғандары жолдастарының жауаптарын тыңдап, толықтырады. Картадан объектілерді дұрыс таба білуін қадағалайды.

**IV. Мағынаны ажырату.** Жаңа тақырыпты меңгергендігін анықтау үшін тірек-сызба арқылы сұрақтар беріледі.








Не себепті Орталық Қазақстан ауданында ірі қара мал шаруашылығы жақсы дамымаған? Оның өнімдері өзін-өзі қамтамасыз ете ала ма? Бұл өнімдерді қандай экономикалық аудандардан алады?

**2-топ. Анықтандар.**


Орталық Қазақстандағы экономикалық белсенді халықтың үлес салмағын анықтандар. Негізгі халық жұмыстың қандай түрінде қызмет етеді? Қандай қорытынды жасар едіңдер?



**3-топ. Табындар.**

Орталық Қазақстан қандай минералды ресурстарға бай?

Картаны пайдаланып, мыс кен орындарын табындар.



**1-топ. Салыстырындар.** Оқулық мәтінін және картаны пайдаланып, Жезқазған, Балқаш өнеркәсіп топтарында қандай металл түрлерін балқытатындығын анықтау. (Негізгісінің астын сызындар). Олар түсті металды қандай тобына жатады? Комбинаттары қандай шикізат базасының негізінде жұмыс істеді?

Негізгі салалардың дамуына қандай салалар көмектесуде? Жұмыстың қорытындысын кестеге жазындар.

**2-топ. Жүйрік ой.** Орталық Қазақстанның өнеркәсіп өнімдерінің жеке түрлерін шығаруы бойынша үлесі қандай? 2004 жылғы дерек бойынша қосымшаны пайдаланындар. Қандай өндірістерді Орталық Қазақстанның мамандану саласына жатқызамыз?



Ауа бассейнінің ластануы

**3-топ. Дәлелдендер.** Картаны қолданып, Орталық Қазақстанның ауа бассейні қандай өндіріс орындарының әсерінен ластануда екенін анықтау?

**Көп ізденсең, көп білерсің.**

Оқушыларға өткен сабақта Орталық Қазақстанның басты қалалары жайында қосымша мәліметтер жинақтап алып келу тапсырылған. Тапсырманы үш топ оқушылары қорғайды.

- 1-топ. Қарағанды қаласы.
- 2-топ. Жезқазған қаласы.
- 3-топ. Теміртау қаласы.

**Қорғау тәртібі:**

1. Уақытқа бағыну. (әр топ 3-4 мин)
2. Жаңашыл болу.
3. Проблемалық жағдайына тоқталу.
4. Қазақстанның экономикасына қосар үлесін дәлелдеу.

**Ізденген жетер мұратқа.**

1. Орталық Қазақстан қандай облыспен шектеспейді?
    - а) Ақмола ә) Батыс Қазақстан
    - б) Шығыс Қазақстан в) Алматы
  2. Аудан халқының орташа тығыздығы.
    - а) 3 адамнан аз ә) 3 адамнан көп б) 5,5 адам
    - в) 6 адам г) 6,5 адам
  3. Аудандағы өнеркәсіп салаларының дамығаны.
    - а) мұнай және газ өндіру
    - ә) көмір және қара металлургия
    - б) түсті металлургия және тамақ өнеркәсібі
    - в) ауыл шаруашылығы
    - г) жеңіл және тамақ өнеркәсібі
  4. Болат өндіретін Орталық Қазақстан қаласы.
    - а) Қарағанды ә) Жезқазған б) Балқаш
    - в) Рудный г) Теміртау
  5. Қарағандының басты маманданған өндірісі.
    - а) ет өндіру ә) көмір өндіру б) болат өндіру
    - в) мыс өндіру г) күкірт қышқылын өндіру
- Ұпайды көп жинаған топқа «Болашақтың Қанышы» деген атақ беріледі.

**Үйге тапсырма:** Орталық Қазақстан туралы білімді толықтыру.

## Географиялық карта

Р.А.Керімқұлова, Ы. Алтынсарин атындағы орта мектептің география пәні мұғалімі  
Жаркент қаласы



### Сабақтың мақсаты:

1. Географиялық карта туралы ұғым беру, оның жергілікті планнан айырмашылығын көрсету.

2. Карта түрлерімен таныстырып, жұмыс істей білуге, масштабын анықтауға үйрету.

3. Өз беттерінше карта-

мен жұмыс істей білуге, шығармашылыққа, ізденімпаздыққа тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** аралас сабақ

**Сабақтың әдісі:** сұрақ-жауап, түсіндіру, тест.

**Сабақтың көрнекілігі:** географиялық карта түрлері, жергілікті жердің планы.

**Сабақтың барысы:**

I. Ұйымдастыру кезеңі.

II. Үй тапсырмасын тексеру. Тірек-сызбамен жұмыс.

Денелер	Заттар	Құбылыстар

### Мұғалімнің түсіндірмесі.

Планның негізгі белгілері жер бетін егжей-тегжейлі жеке үйлерге дейін көрсетеді, шартты белгілердің суреті не түсі бейнеленетін заттардың ерекшеліктерін көрсетеді, шағын аумақты камтиды және жер бетіндегі қашықтық аз кішірейтіліп алынады. Заттардың пішіні оның төбесінен қарағандығымен бірдей болады.

*Жұмбақ шешіп көрейік.*

Елдері мен қаласы,

Ойпаты мен даласы

Теп-тегіс тақтайдай.

Өзені де ақпайды.

Тоғайы мен тауы бар,

Бұл не?

Өзің тауып ал. (Карта)

**Картамен жұмыс.**

Үлкен аумақты бейнелеу үшін географиялық карта қолданылады. Картаның негізгі ерекшеліктері: үлкен аумақ

– облыс, мемлекет, бүкіл жер шары бейнеленеді. Картада меридиандар мен параллельдер міндетті түрде сызылады. Картада бұрмалану мөлшері арта түседі.

Қоңыр түспен таулар, сарғыш түспен қыраттар, жасыл түспен жазықтар, көгілдір түспен теңіз, көл, өзендер бейнеленген.

**Оқулықпен жұмыс.**

**Тест жұмысы.**

1. Қандай зат адам қолымен жасалған?

а) бұлт ә) үстел б) торғай

2. Табиғи затты ата.

а) сөре ә) саз б) аяқ киім

3. Өлі табиғатқа нелер жатады?

а) жаңбыр, қар ә) торғай, қарға б) бұға, гүл

4. Қайсысы тірі табиғатқа жатады?

а) шыбын ә) тас б) бұлт

5. Ауа температурасын немен өлшейді?

а) сызғыш ә) барометр б) термометр

**Жаңа сабақ.**

Тактадан жергілікті жердің планын көрсетіп, оқушылардың бұрын алған білімдерін еске түсіру.

1. Жергілікті жердің планындағы шартты белгілерді ата.

2. Жергілікті жердің планы неге керек?

3. Планадағы екі нүктенің арақашықтығын өлшеу үшін не істеу керек?

**Дәптермен жұмыс. (Анықтамалар)**

Белгілі бір заттың өлшемі кішірейтілгенін көрсететін санды масштаб дейді.

Жер бетінің қағазға өте кішірейтіліп салынған бейнесін географиялық карта дейді.

**IV. Сабақты қорыту. Сарамандық жұмыс.**

1) 1:3 500 000 масштабы бойынша екі нүктенің арақашықтығын есептеу.

2) Карта бойынша Қазақстанмен шектесетін елдерді анықтау.

**V. Бағалау.**

**VI. Үйге тапсырма.**



## «Есірткісіз болашақ» атты үндеу аясында жалпы мемлекеттік «Біз салауатты өмірді қолдаймыз!» тақырыбындағы үгіт-насихат салауаттылық сабағы

М.Ғ.Ғымранова, Ж. Жабасев атындағы №4 мектеп-гимназиясының химия және биология пәндерінің мұғалімі  
Астана қаласы

**Мақсаты:** адамзат өмірінде, соның ішінде жас өрендер арасында кеңінен таралып бара жатқан, ғасырдың өлім тұзақтарына бет алған есірткі, ішімдік, темекі сияқты жазылмас дерттерге ұшыраудың жат қылықтардан туындайтын жолдарының алдыз алуға уағыздап, салауатты өмір салтын дәріптеуге баулу.

**Жабдығы:** мектептің аталған тақырыптағы үгіт-насихат тобының эмблемасы, ұнпарағы, әр мүшеге арналған эмблема – бейдж, ақпараттық ұнпарақтау: «Шырайлы шуақты күн», «Сарқырап аққан таза табиғаттағы өзен суы», «Таза ауалы орман», «Бөтелкедегі ішімдікке батқан мүсәпір адам», «Мұрнының сұлыбы қалған, саусақ сүйектері

тарамдалып, түгін астында қалған, темекі уына оранған адам», «Шприцке енген өлімші бейнелі адам», түрлі-түсті ленталар, «Біздің таңдауымыз – СӨС!» атты үнпарағы, спорттық көңілді сазды әуендегі дискілер, техникалық аппаратура, микрофондар. Қатысушылар: 8-11 оқушылары мен сынып жетекшілері.

Мектептің тұрақты үгіт-насихат тобы мен спорт саласының жеңімпаз оқушылары бірегей спорт киімдерімен мектептің мәжіліс залының сахнасында өткізеді. Үгіт-насихат тобы сахнаның орта бөлігінде, спорт жеңімпаздары оның екі жанамасынан орын алады.

Спорт пен СӨС-ді қолдайтын сазды әуеннің орындалып, оның аясында үгіт-насихат тобының спорт пен би қимылдарын түрлі-түсті ленталармен жасап сахнаға шығуы.

**Бастаушы:** СӨС-ті дәріптеп, темекі, ішімдік, есірткіге қарсы күреске арналған үгіт-насихатымызды «*Есірткісіз болашақ*» атты тобы бастайды.

Осы кезде аталған топтың эмблемалық үнпарағын спорттық қимылмен топтың қақ ортасындағы мүшесі алып шығып, биік көтере ұстан сахна алдына жақындап көрсетіп, кері шегіне жылжып, апарып қояды. Бұл сәтте де топ мүшелері жеңіл қимылдап, қолдау көрсетіп қошеметтейді.

*Мұң көрместей жанары,  
Жолға бастап саналы.*

**Хормен:** *Білімді жас ұрпаққа,  
Ой саламыз бағалы!*

Көңілді сазды әуенде үгіт-насихат тобы билеп артқа жылжып, осы сәтте спорт жеңімпаздары сан алуан қимылдарын жасап, алдыңғы шептен орын алып, ерсілік-қарсылы қозғалыстар жасайды, сөйтіп спорттың СӨС-гі мәнін уағыздайды. Топтың бірінші мүшесі:

*Көрсен, тасып қызынып,  
Албырт көңілің бұзылып.  
Бақытыңды ұмытпа,  
Есірткіге қызығып! (хормен)*

**Бастаушы:** Одан гөрі денсаулықты бағалап, спортпен шұғылдан, жас өрен!

Топтың екінші мүшесі сахнаның алдына жылжып:  
*Сақтап жүрек төріне,  
Жақын тұтсаң көңілге.  
Арақ, шарап, есірткі,  
Апарады өлімге! (хормен)*

КТК мүшелерінің өзін-өзіне арналған көңілді әуен ойналып, олар сахнаға шығып, жат қылықтарды әшкерелеуге арналған қысқа сахналық қойылымдар көрсетеді.

1. «Шылым уы жеген екі адамның келбеті мен өңгімесі».

2. «Ай мен Күнді шатастырған ішімдік құрбандары».  
(Бұл екі қойылым арасында қысқа әуендік үзінді болады.)

**Бастаушы:** Бұдан да салауатты өмір сүруді көзде, бос уақытыңды білім мен спортқа бағышта, жас ұлан! — дей бергенде спорт жеңімпаздарының спорттық билері сай әуендік сазбен қосарлана сахнаның екі жағынан қарама-қарсы бағытынан орындалады да, түгел залдағыларды билеп алып, қозғалысқа шақырады, дүр сілкіндіріп, өмір мен денсаулықтың күші қозғалыста екенін ұғындырады. Топ мүшелері спорттық би қозғалыстарымен қошеметтейді.

Топтың үшінші мүшесі:  
*Әдет қылған мұндайды,  
Ешқашан да оңбайды.  
Қанша «дәмді» болғанмен,  
Арақ асық болмайды! (хормен)*

Топтың төртінші мүшесі:

*Көңіл бөл де бұрымға,  
Әр нәрсеге ұрынба!  
Өміріңді өксітпе,  
Әуестеніп шылымға. (хормен)*

Топтың бесінші мүшесі:

*Жақын болсаң, ұқ анық,  
Табар сені қулаңып,  
Наша деген індетпен,  
Әлем жатыр уланып! (хормен)*

Қысқа, көңілді әуен ойналып, КТК мүшелерінің ғасырдың өлім тұзақтары құрбандарын бейнелеуі:

1. Сиам егіздері тәрізді нашақорлық пен ЖҚТБ дертіне ұшырағандар сұхбаты.

2. Есірткіні иіскеп алған екеудің кітапханадағы екі қолын шатастырып отыруынан бейне көрініс.

**Бастаушы:** Ешуақытта ештеңе кеш емес. «Елптен, кеш жақсы» дейді халық мақалы, сондықтан оның орнын білім, парасат пен салауаттылыққа арна, жас дос!

Топтың алтыншы мүшесі тағы да алға жылжи жүріп:

*Шат-шадыман күйе еніп,  
Жақсылардан үйреніп,  
Біздей жаспен дос болғын,  
Жаман істен жиреніп! (хормен)*

Топтың жетінші мүшесі алтыншысымен қосарласа жүріп:

*Нұрға толып санамыз,  
Қайдан да дос табамыз.  
Деніміз сау, жанымыз,  
Біз бақытты боламыз!(хормен)*

3. Үгіт-насихат тобының мүшелері классикалық қимыл және әуенмен сахнаның артқы жағынан күннің шырайлы нұры, таза ауалы орман, сылдырап аққан мөлдір өзен суын дәріптейтін және шылым шегіп, дене тұрқы арықтап, саусақтары тарамдалып сұрықсызданған, ішімдікке салынып ойы мен өмірі оған батқан, жан-тәнімен есінен танып, есірткі уы үшін шприцке енген адамдарды әшкерелеген үн-парақтарды жоғары көтеріп, көрермендерге көрсетеді.

**Бастаушы:**

*Күн нұрына бөленген,  
Таза ауа мен таза судан нәр алаған,  
Біз жастармыз жат қылықсыз,  
Салауаттылықты қалаған! — деп тұжырымдап, топтың*

үндеуін сазды әуеннің қостауымен барлығы орындайды, залдағыларды да қатарға тартып, екі рет қайталату үшін бетшелерді спорт жеңімпаздары тездетте таратып, тағы да орындайды.

*Қысылған жандарға көмегін арнаған,  
Жанына мейірім, шапағат орнаған.  
Салауат өмірдің тәртібін сақтаймыз,  
Сол біздің жолымыз таңдаған! — деп қолдарындағы*

үнпарақтарын топ мүшелері бір қолдарына алып, екінші қолдарына «Біздің таңдауымыз — салауатты өмір салты» атты түрлі-түсті үнпарақтарын көрермендерге таратып, аралап кетеді. Осы сәтте сахнада қалған спорт жеңімпаздары тағы да спорт қимылдарын көрсетіп, көңілді сазды әуендегі сарында топ мүшелерін қатарға шақырып, қолдарын көтеріп, бастарын ие ілтипат көрсетеді де сахнаның екі жағынан шығып кетеді.

Бұл сабақта негізгі ұғымдардың қысқа да, нұсқа мазмұндағы шумақтармен алынуы басты мақсатқа жету үшін әр оқушыға нақты, түсінікті мағынада санасына жетіп, дұрыс таңдау жасауына жол ашады да, оны денсаулықтың ең басты қозғаушы күші — дене шынықтыру мен спорттан туындайтынын түсіндіреді.

## Атырау облысының экономикалық географиясы (қортындылау сабақ)

Б.Қ.Балабаева, Ж.Қаражігітов атындағы № 16 орта мектептің география пәні мұғалімі  
Атырау қаласы

**Білімділік мақсаты:** Атырау облысының экономикалық-географиялық жағдайы, халқы, орналасуы, құрамы, табиғат жағдайы, табиғат ресурсы, шаруашылығы, өнеркәсібі, экологиялық жағдайы туралы түсіндіру. Оқу мен жазу арқылы сын тұрғысынан ойды дамыту, алған білімдерін жинақтап, қорытындылау.

**Дамытушылық мақсаты:** Алған білімдеріне сөйкес өлкесінің экономикасы туралы білімді, негізгі заңдылықтарын меңгеріп, одан әрі дамыту. Тірек-сызбасын дұрыс пайдалана білу, еске сақтау қабілетін дамыту. Венн диаграммасы, семантикалық карталар арқылы ой-өрісін дамыту.

**Тәрбиелік мақсаты:** Тұжырым жасауға, топтастыруға, жүйелеуге үйрету, сыйласымдылыққа, еңбекқорлыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Қазақстанның физикалық картасы, Атырау облысының картасы, «Атыраудың экономикалық-географиялық сипаттамасы» тірек-сызбасы, «Ынтымағы жарасқан ырысты өлке» буклеті.

**Сабақтың түрі:** конференция сабағы.

**Сабақтың әдісі:** «Жазу және оқу арқылы сын тұрғыдан ойлауды дамыту» бағдарламасы.

### Сабақтың барысы:

I. Ұйымдастыру.

II. Қызығушылығын ояту.

III. Мағынаны ажырату. (үй тапсырмасы)

1. Зертте: карта бойынша түсіндіру.

2. Суретте: тірек схемасы арқылы.

3. Салыстыр: салыстырмалы сипаттама.

4. Қолдан: табиғат байлықтары мен өнеркәсібін анықтау.

IV. Ой толғаныс. (қорытынды)

**Сабақтың жоспары:**

1. Атырау облысына жалпы шолу.

2. Халқы мен мәдениеті.

3. Өнеркәсібі.

4. Ауыл шаруашылығының дамуы.

5. Көлік кешені.

6. Экологиялық жағдайы.

Сабақтың мақсаты оқушылардың алған білімдерінің сапасын көтеру, пәнге қызығушылығын арттыру, ізденуін, таным деңгейін көтеру, жан-жақты дамуына ықпал жасау. Негізгісі – өткен материалдарды бір жүйеге түсіру. Оқушылардың сабақ тақырыптарына сай мамандық иелеріне сөз беріледі. (Географ, экономист, ауыл шаруашылығының маманы, көлік кешенінің маманы, эколог, Теңіз – Шеврон компаниясы маманы рөлдеріндегі оқушылар). Әр маман өз мамандығы бойынша сөйлеп, сұрақтарға жауап береді. «Ғалымдар» сөйлеген кезде қалғандары дөңгелеріне негізгі тұжырымдарды, нақты цифрларды т.б. жазып отырады.



Ол үшін дәптердің бетін 2-ге бөліп, бір жағына жоспары екіншіге жауаптары жазылады.

Сабақтың жалпы материалдарын жинақтап жүйелеу, өз бетімен, шығармашылықпен жұмысын бақылау негізінде тірек-сызбасы арқылы жылшы шолу жасау.


Атырау облысының экономикалық географиялық сипаттамасы.

Атырау облысында 1 қала, 7 аудан. Халқы – 443,7 мың адам. (1999ж.) Қала халқы – 194 мың адам.

1. Мұнай мен газдың мол қорының болуы.
2. Көлік қатынастарының нашар дамуы.
3. Ішкі судың тапшылығы.
4. Мұхит жағалауларының қашықтығы.
5. Климаттың континенттігі.
6. Маманның кәсіптік шеберліктерінің төмендігі.
7. Ауыл шаруашылығының нашар дамуы.
8. Шетел бірлескен кәсіпорындардың жұмыс істеуі.
9. Балық өндіру мен өңдеу.



ЭГЖ-ның қолайлы және қолайсыз жақтарын анықтау.



Мамандардың пікірімен өз білімімізді саралап, өлкеміздің шаруашылығы дамып, экономиканың өркендеуіне мүмкіндік туғызатын және кері әсерін тигізетін сипаттарын табу.

## Топтастыру.



Төмендегі жоспар бойынша жауап беру.

1. Өнеркәсіптің аты.
2. Географиялық орны.
3. Мамандану бағыты.
4. Шикізаты.
5. Еңбек ресурстары.
6. Дайын өнімдері.
7. Шикізатты өткізу.
8. Даму болашағы.

Сабакты толықтыра отырып, қоғамымыздың басты экономикалық артта қалушылықты жою, нарықтық жүйені дұрыс игеру. Осыған орай біздің облыстың дағдарыстан шығудың жолы бар байлыққа негізделеді, жана ғасырдың басты байлығы – мұнай. Экономика – өмірдің өзекті саласы. Ол адам қоғамының әлеуметтік жағдайына тікелей әсер етеді. Қуаттылығының басты көрсеткіштері пайдалы қазбалар, білікті жұмыс күші, пәрменді стратегиялық және ұзақ мерзімді саясат болып отыр.

2030 жылға арналған Елбасының жолдауымен  
байланыс

Реттік саны	Сабактың тақырыбы	Жолдаудың мазмұны
1	Өлкеміздің экономикалық - географиялық жағдайы.	1. Елдің дамуына әсер ететін сипаттар. 2. Дамуға кедергі келтіретін сипаттар.
2	Халқы мен мәдениеті.	1. Адамзаттың денсаулығын, білімін, әл-ауқатын арттыру. 2. Аурудың алдын алу, салауатты өмір салтын насихаттау. 3. Нашакорлық пен наркотикизмге қарсы күрес.
3	Шаруашылығының дамуы.	1. Жерінің бай табиғат ресурстары. 2. Нарықтық экономикаға көшу. 3. Шетел инвестицияларын тарту.
4	Көлік кешені.	Көлік және байланыс, жол қатынасын өркендету.
5	Экологиялық жағдайы.	1. Шетел инвестицияларын қорғау. 2. Экономикалық байланыстарды тереңірек дамыту.
6	Даму болашағы.	1. Басты стратегиялық егеменді тәуелсіз құқықты мемлекетке айналу.

## Шығыс Қазақстан облысының пайдалы қазбалары

Ш.О.Таласпаева, №17 мектептің география пәні мұғалімі  
Семей қаласы

**Мақсаты:** 1. Шығыс Қазақстан облысы территориясындағы пайдалы қазбалар, пайдалы қазбалардың түрлері жайлы түсініктер қалыптастыру. Тектоникалық және физикалық карталарды пайдаланып, пайдалы қазбалардың бір-бірімен байланыстылығын, кен өндіру кезіндегі ауаның ластануы және экологиялық жағдай туралы білімдерін молайту.

2. Туған өлкеге деген мақтаныш сезімін қалыптастыру.

3. Сыныптас жолдастарының ойын тындауға, олардың қарама-қарсы пікірлеріне көзқарасын білдіріп, өз ойын емін-еркін жеткізуге тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** Қазақстан Республикасы және Шығыс Қазақстан облысының физикалық карталары, атлас, ватман, кесте, маркер, пайдалы қазбалардың шартты белгілері.

**Сабактың әдісі:** сын тұрғысынан ойлау, топпен жұмыс.

**Тренинг № 1**

Лирикалық бастау.

– Балалар, армансыз адам болмайды, бөріміздің осы өмірде үлкен арманымыз бар. Қане, қазір басқаша армандап көрейікші. Табиғатта кездесетін қандай нәрсеге ұқсағыларың келеді?

– Мен гүлге.

– Нұрын шашқан күнге.

(Барлығы бір-бір теңеу айтады).

– Өте тамаша, осы отырған бөріміз тек әдемілікті, сұлулықты таңдадық. Ешқайсын да сүренсіз тасқа ұқсағыларың келмейді, иә. Ол өте орынды. Бірақ ойлап қарасаң осы бір тастарда қаншама сыр жатыр десенші! Бойына барлық деректерді жинап алып, үн-түнсіз жатқан ұлы тарих куәгері. Алғашқы адам құрал ретінде қолданып тасты үйкелеп от жаққан. Сондықтан адамзат басынан өткен дәуірлерде тас, мыс, қола деп аталады. Біз тастарды жер даму тарихының құжаты деп айтуымызға болады. Тастарды зеттеу арқылы жердің ішкі құрылысымен танысамыз. Жер-Ана біздің туған өлкемізге пайдалы қазбалардың шексіз мол қорын тарту еткен.

**Тренинг № 2**

Ассоциативті карта. Әр топ өз нұсқасын айтады.

**Тренинг № 3**

Шығыс Қазақстан облысы территориясында пайдалы қазбалардың қандай түрлері кездеседі?

Оқулық пен атласты пайдалана отырып, пайдалы қазбалардың кестесін толтырындар.

Пайдалы қазба	Қай жерде өндіріледі?	Не үшін пайдаланылады?

**Тренинг № 4**

Шығыс Қазақстан облысы территориясында пайдалы қазбалардың осы түрлерінің таралу себебі неде?

Шығыс Қазақстан облысы пайдалы қазбаларының кен орны белдеулер бойынша орналасқан.

1. Таулы Алтай — темір, молибден, вольфрам.
2. Кеңді Алтай — полиметалл.
3. Қалба, Нарын — сирек металдар.
4. Батыс Қалба — алтын.
5. Шар — хромит, асбест, никель, қорғасын.
6. Дегелен — сирек металл.
7. Шығыс Тарбағатай — түсті, мыс, алтын, полиметалл.
8. Ертіс маңы — алтын, мыс.

Қазіргі таңда Семей жерінде алтын өндіретін негізгі 4 кен орны ажыратылады. Олар: Бақыршық, Ақжал — Бөкө, Мезек — Ақбастау, Суздаль.

**Видео көрініс**

Суздаль кен орны Семей қаласынан 75 км оңтүстік — батыста орналасқан. 1983 жылы ашылған. Тереңдігі 50-60 метрден 500 метрге дейін жетеді. Ені 150 — 200 метр. 1 тонна кенде 2 - 100 грамм алтын болады. Қазіргі кезде 2000 тонна кен өндірілген. Геологиялық қоры 4,5 млн тонна. «Алел» қаржы инвестициялық корпорациясы 1999 жылдан бастап жұмыс істейді.

**Тренинг № 5**

Облыстағы кен орындардың табиғатқа әсері туралы ойларын ортаға салып талқылау. Жергілікті жердің табиғатын қорғау үшін қандай ұран тастар едіңдер? (Әр топтың ұсынысы).

**Тренинг № 6**

Валеологиялық компонент. (Әр бала бір-бірімен қол ұстаса отырып, тілектерін білдіреді).

Сендердің азаматтық позицияларын өте ұнады, ендеше біз «Табиғатты бүлдіруге жол жоқ!» деп айта отырып, «Мен табиғатпен біргемін, өйткені адамзаттың табиғатсыз күні жоқ» деген жылы лебізбен сабағымызды аяқтағым келеді.



## Жергілікті жерге саяхат

А.Жариев, Ы.Алтынсарин атындағы орта мектептің география пәні мұғалімі  
Алматы облысы, Қарасай ауданы, Шамалған бекеті

Жас жеткіншектерге тиянақты білім беру жолдарының негізгі бір саласы — сабаққа жергілікті жер материалдарын пайдалану. Осыған сүйене отырып, жергілікті жердің халқы, шаруашылық жағдайы табиғат пен адам арасындағы байланыс, адамның жергілікті жер табиғатын пайдалануы, өзгертуі, қорғауы туралы саяхат сабағын ұсынып отырмын.

**Білімділік мақсаты:** оқушыларды жергілікті жер халқымен таныстыру. Табиғат пен адам байланыстылығын сипаттай отырып, дүниетанымдық көзқарастарды қалыптастыру.

**Дамытушылық мақсаты:** жергілікті жер жайындағы статистикалық, ақпараттың материалдармен, тірек-сызбалармен жұмыс істеуге байланысты білік пен дағдыларын дамыту.

**Тәрбиелік мақсаты:** оқушылардың туған өлке табиғатына және халқына деген сүйіспеншілік сезімін ояту.

**Оқу іс-әрекеттері:**

- Техникалық құралдар арқылы білім алу;
- Проблемалық сұрақтарға жауап беру;
- Тірек-сызбалар бойынша жұмыс;
- Десанттық көмек әдісі арқылы білім көздерімен танысу;
- Статистикалық мәліметтермен жұмыс;
- Диаграммалар сызу;
- Тест жұмысы;
- Оқыту ойындарын жүргізу;
- Эвристикалық әңгіме;

- Геодиктант жүргізу;
- Шығармашылық жұмыстарды қорғау.

**Сабақтың барысы:**

- 1) Ұйымдастыру кезеңі.
- 2) Өткен сабақты жана сабақпен байланыстыру.
- 3) Саяхатқа шығу.

**1-аялдама «Жергілікті жердің халқы»**

1. Сендер тұратын елді мекен қалай аталады және ол қашан пайда болды? Ондағы халықтың саны қанша? Соңғы кездегі халықтың саны қалай өзгерді және оның себебі неде деп ойлайсың?

2. Статистикалық деректерге жүгініп, жергілікті жердегі (Алматы облысы, Қарасай ауданы) халық санының 2000-2009 жылдардағы өзгеру графигін немесе диаграммасын сызады.

3. Жергілікті жерде қандай нәсілдер және ұлт өкілдері тұрады?

**2-аялдама «Ауыл шаруашылығы»**

Қаскелең, Шамалған өзендеріне және маң жайылымдарына саяхат. Бейнемагнитофонмен көріністер көрсетіліп жатады. Сол кезде оқушыларға төмендегідей сұрақтар қойылады:

- 1) Жер бедері халық шаруашылығында қалай пайдаланылады?
- 2) Егін шаруашылығына қай жерлер жарамды?
- 3) Не себепті біздің жеріміздің көпшілігі мал жайылымына пайдаланылады?

**3-аялдама «Қазба байлықтары»**

Алматы облысының пайдалы қазбалар кен орындарына саяхат жасау. Тірек-сызбасы арқылы сипаттап, сұрақтарға жауап беру.

1) Облыс жерінде қандай пайдалы қазбалар өндіріледі?

2) Олар қандай мақсаттарда пайдаланылады?

Егер оқушылар жауап беруге қиналса, № 1 десант-оқушы көмекке келеді. (Бейнемагнитофоннан пайдалы қазбалар туралы түсінік беріледі. Көмір, жартылай металл, сынап т.б.)

**4-аялдама «Өнеркәсіптер»**

Облыстағы ірі өнеркәсіп орындарына саяхат жасау. Бейнематериалдар арқылы Алматы облысының ірі өнеркәсіп орындары көрсетіледі.

Оқушылар материал бойынша өз білгендерін әңгімелейді. Бұл өндірістердің қандай өнімдер шығаратынын және олардың шет елдермен байланыстары туралы пікірлерін ортаға салады. Оқушылардың жауаптары толық болмаған жағдайда көмекке десант-оқушы келеді.

**5-аялдама «Су байлығы»**

Кемемен Балқаш көлі және Қапшағай өзені арқылы жүзіп, ойша саяхат жасау.

Графопроектор арқылы тест жұмысы жүргізіледі, сұрақтар беріледі.

1) Өзен жағалауына дем алып, серуендеуге шықтыңдар. Қайтар кезде қалған коқыстарды қайда жібересіздер?

- а) өзенге лақтырып тастаймыз
- ә) жағалауға қалдырып кетеміз
- б) өртеміз не көміп тастаймыз

2) Өзен жағалауына үй салу үшін қандай әрекет жасар едің?

- а) үйді өзенге тақап саламын
- ә) өзеннен қашықтау, ашық алаңқайға саламын
- б) өзеннен 300 метрдей қашық жердің ағаштарын кесіп тастап саламын.

3) Іле, Лепсі, Қаратал, Ақсу өзендерінің ластану себептері.

- а) тұрмыстық және өнеркәсіптік қалдықтардың, химиялық тыңайтқыштардың өзенге ағызылуы
- ә) ауыл шаруашылығының әсері
- б) көктемде еріген қармен бірге әртүрлі заттардың өзенге келіп құйылуы салдарынан

**Проблемалық сұрақ.**

Жетісу өзендерінің экологиялық жағдайын жақсарту үшін қандай шаралар жүргізген тиімді?

Оқушылар жауаптарына қосымша мәліметтерді бейнетаспадан десант-оқушы баяндайды.

**6-аялдама «Өсімдіктер мен жануарлар дүниесі»**

«Мені түсін» оқыту ойыны.

Графопроектор арқылы оқушыларға 10 түйінді сөз беріледі. Сол сөздерге байланысты оқушылар өз ойларын нақтылап жеткізіп, сөздердің мағынасын ашады.

*Түйінді сөздер*

- 1. Сазан
- 2. Шөлейт өсімдіктері
- 3. Жыртқыш андар
- 4. Дәрілік өсімдіктер
- 5. «Қызыл кітап»
- 6. Құстар

- 4. Елік
- 5. Құндыз

- 9. Су жануарлары
- 10. Броконьер

**7-аялдама «Табиғат кешендері»**

Жергілікті жердің табиғат кешендеріне саяхат жасау.

1. Сендер тұрған жер қай табиғат белдеуінде орналасқан?

2. Қандай табиғат кешендері бар?

Енді солардың бірі – Қапшағай су қоймасының бойындағы табиғат кешеніне саяхат жасап көрелік. (Тактаға тірек-сызба ілінеді).

1. Осы кешендегі компоненттердің өзара байланысы бар ма?

2. Осы компоненттердің бірі өзгерсе, бүкіл табиғат кешенінде өзгеріс бола ма?

**8-аялдама «Туған жер табиғатының өзгеруі және оны қорғау»**

Соқпақ барысында оқушыларға мынадай сұрақтар қойылады:

1. Жергілікті жер табиғатының өзгеруі қай кезден бастап апатты жағдайға жете бастады?

2. Қазіргі кезде қандай табиғат кешендері ерекше өзгеріске ұшыраған?

3. Алматыға жер сілкіну (техногендік зілзала) қаупі бар ма? Оның пайда болу себебі неде?

4. Табиғатты қорғауға байланысты оқушының жұмысы тыңдалады.

**9-аялдама «Жергілікті жердің шаруашылық жағдайы»**

*1. Геодиктант.*

Жергілікті жердің табиғи қоларына \_\_\_\_\_ жатады.

Облысымыздың экономикасына үлкен үлес қосып отырған шаруашылық \_\_\_\_\_ өнеркәсіптері.

Олар \_\_\_\_\_ өндіреді.

Жергілікті жердегі халықтың тұрмыс әрекеті мен шаруашылық жағдайларының дамуы \_\_\_\_\_ байланысты.

Табиғат жағдайларының ерекшелігіне, шөл зонасында орналасуымызға байланысты ауыл шаруашылығының \_\_\_\_\_ салалары жақсы дамыған.

2. «Егер мен әкім болсам...» тақырыбында үйге аралдан ала берілген оқушылардың шығармашылық жұмыстарын тындау. Оқушылар халықтың тұрмысын жақсартуға байланысты өз бағдарламаларын ортаға салады.

**10-аялдама «Қорытынды»**

Эвристикалық өңгіме жүргізіледі. Бүгін сабаққа оқушылар өз беттерімен тұжырым жасайды.

**Бағалау.**

**Үйге тапсырма.** «Жергілікті жердің халқы және табиғаты» тарауын қайталау. Баспасөз материалдарынан қосымша мәліметтер жинақтау. Қайталау сабағына дайындалып келу.

## Менің Отаным – Қазақстан (6-сынып)

Б.А.Нағыметова, Б.Ноғайбаев атындағы № 18 орта мектептің география пәні мұғалімі  
Алматы облысы, Іле ауданы, Қарасай ауылы

**Мақсаты:** оқушылардың Отанды сүйеге, қазақ елінің рәміздерін кастерлеуге, туған жеріне деген сүйіспеншілігін арттыру.

**Көрнекіліктер:** Қазақстанның картасы, Қазақстан Республикасының рәміздері: әнұраны, көк байрағы, елтанбасы және авторларының суреттері, нақыл сөздер.

**Сабақ барысы:** Мұғалімнің кіріспе сөзі.

1986 жылы 16 желтоқсандағы бүкіл қазақ жастары тоталитарлық режимге ашық қарсылық көрсетті. Міне, осындай ұмытылмас оқиғадан бері талай жылдар өтті. Өмір – өзен толқындары сол кезден бізді алыстатып бара жатса да жүрегімізге мәңгі ұмытылмас бір нәрсе қалды. Сол үш күнде дүниені дүр сілкіндірген қазақ қыздары мен ұлдарының рухына, ерлігіне деген тағзым, құрмет. (1 минут үнсіздік)

**1- жүргізуші:**

*Мен қазақтың, мың өліп, мың тірілген,  
Құшақ жая таныстым сан тілменен.  
Жаман үйді қонағы билейді деп,  
Қала жаздап айырылып өз тілімнен.  
Өзге тілге еліктеп ел болмадық,  
Қазағымның артық жоқ өз тілінен...*

**1-оқушы:**

*Әнұраным – жан ұраным,  
Айтар әнім – сөйлер сөзім.  
Туған жерім сағынарым,  
Мәңгі бақи шырқалады  
Республика әнұраны.  
(Әнұран орындалады.)*

**2-оқушы:**

*Елтаңбасы елімнің,  
Неткен көркем әдемі.  
Тұнығындай көңілдің,  
Ортада аспан әлемі.*

**3- оқушы:**

*Өзіңдікі – елің де,  
Өзіңдікі – жерің де,  
Өзіңдікі – өзің еккен бақ,  
Тәуелсіздік төрінде!*

**4-оқушы:**

*Өзіңдікі – туың да,  
От пен ауа, суың да.  
Жаса, Қазақстаным,  
Белді бекем буың да!*

**5-оқушы:**

*Көк аспандай туларын,  
Желбірейтін күні бұл.  
Елім деітін ұлдарын,  
Елжірейтін күні бұл!*

**2-жүргізуші:**

«Қанша ғасыр өмір сүрсе бұл қазақ, сонша ғасыр ұмтылды ғой елдікке», – деп Төле би бабамыз айтқандай, 1991 жылдың 16 желтоқсанында Қазақстан Республикасы тәуелсіздігі жарияланды. Егемен ел атаңдық. Міне, енді өз әнұранымыз, елтаңбамыз, туымыз бар. Тәуелсіздігіміздің тұғыры биік, халқымыздың еңсесі жоғары, егемендігіміз баянды болсын деп тілейік, ағайып!

**1-жүргізуші:**

*Желтоқсанда шындық жырын шырқаймыз деп шарқ ұрдың,  
Желтоқсанда егеменді ел болсақ деп талпындың,*

*Кеудеңде әлі сызы жатыр сол кездегі салқынның.  
Айналайын, айналайын, жас өркені халқымының!*

**6-оқушы:**

*Күнөдан таза басым бар,  
Жиырма бірде жасым бар.  
Қасқалдақтай қаным бар,  
Бозторғайдай жаным бар,  
Атам десең, атыңдар!*

**7-оқушы:**

*Қазақ деген затым бар,  
Қайрат деген атым бар.  
Еркек тоқты құрбандық,  
Атам десең, атыңдар!*

**8-оқушы:**

*Желтоқсанның ызғары ай,  
Кірпікке қатқан мұздар-ай.  
«Елім-ай» деп егілген,  
Ұлдары мен қыздары-ай.*

**9-оқушы:**

*Отан – осы достарым,  
Көңілге мұны түйе біл!  
Отан деп өс, жас жаным,  
Оны ардақтап, сүйе біл!*

**10-оқушы:**

*Отан – тарих, Отан – тіл,  
Жасаған елің, өз халқың,  
Отан – өлең, Отан – жыр,  
Көтерген көкке ел даңқың.*

**11-оқушы:**

*Отан – сенің ата-анаң,  
Отан – досың, бауырың.  
Отан – өлкең, астанаң,  
Отан – аудан, ауылың.*

**12-оқушы:**

*Отан дейміз от жаққан жерімізді,  
Отан дейміз өсірген елімізді.  
Отан дейміз туған жер, атамекен,  
Биік тау, орман, тоғай көлімізді.*

**13-оқушы:**

*Отан дейміз кең байтақ Астананы,  
Жасыл жайлау, жана жол, жас қаланы.  
Отанның шеті де жоқ, шегі де жоқ,  
Ол бірақ, өз үйіңнен басталады.*

**1-жүргізуші:** Туған елдің азаттығы мен тәуелсіздігі жолында Қайрат Рысқұлбеков, Ләззат Асанова, Ербол Сыпатаев сияқты көптеген қазақ жастары желтоқсан оқиғасы кезінде қайсарлық пен ерлік көрсетіп, құрбан болды.

**2-жүргізуші:**

*Өсер ұлдың қай сәтте де бірлік болмақ қалауы,  
Лаула, лаула, желтоқсанның мұзға жаққан алауы!  
Өздеріңдей өр намысты жас өркені бар елдің,  
Ешқашан да еңкеюге тиісті емес жалауы!*

**14-оқушы:**

*Мен қазақтың, мың өліп, мың тірілген,  
Жөргімізде таныстым мұң тілімен.  
Жылағанда жүрегім күн тұтылып,  
Қуағанда күлкімнен түн түрілген.*

**15-оқушы:**

*Мен қазақтың, биіктің, байтақ елің,  
Қайта тудым, өмірге қайта келдім.  
Мен мың да бір тірілдім, мәңгі өшпессе,  
Айта бергім келеді, айта бергім!..*

**16-оқушы:**

*Егемен болмай ел болмас,  
Етек-жеңі кең болмас,  
Терезесі тең болмас,  
Енді қазақ кем болмас.*

**2-жүргізуші:** Абылай сынды ақылгөй ханы бар,  
қазақта кара қылды қақ жарған үш кемеңгер билері —  
Төле би, Қазыбек би, Әйтеке билердің шешендік сөз  
үлгілеріне құлақ салайық.

**Төле би:**

Уа, халайық, сөз қадірін білсең,  
Жанбыр жаумаса, жер жетім,  
Басшы болмаса, ел жетім.

Сөз танығыш жастарға айтатын он түрлі жұмбағым  
бар.

**Әйтеке би:**

Биікке шықсаң көзін ашылады,  
Жақсымен жолдас болсаң көңілің.  
Айтыңыз, ұлы аға!

**Төле би:** Айтсам, он түрлі жұмбағым мынау —  
1,2,3,4,5,6,7,8,9,10.

**Оқушы:** Бұл не деген жұмбақ? Осындай да жұмбақ  
бола ма екен?

**Қазыбек би:**

Бірлігі кеткен ел жаман,  
Егесіп өткен ер жаман,  
Үшке бөлінген ағайын жаман,  
Тұрақсыз дос жаман,  
Асқынған дерт жаман,  
Жас келіншек жесір қалса, сол жаман,  
Серпілмеген қайғы жаман,  
Торқалы той, топырақты өлімде бас көрсетпесе,  
сол жаман,

Оналмас көрілікке дауа болмас, — деген.

**Төле би:** Рахмет, дәл тауып шештің. Ойы да, тілі  
де жүйрік, тұлпарым, менін.

**Әйтеке би:** Тамыры суда тұрмаса, уақыты  
жеткенде құрамайтын құрақ жоқ. Тек жақсыдан  
өлмейтін сөз қалады.

**Қазыбек би:**

*Өркенім өссін десең, кекшіл болма,  
Кесапаты тиер еліңе.*

*Елім өссін десең, өршіл болма,  
Өркеніңді өшірерсің, Аллаху ақбар.*

**Төле би:**

*Уа, халқым!  
Көсіле шабар жерің бар,  
Ту көтерген елің бар.  
Атадан қалған сара жолың бар,  
Сөз қадірін біліңдер.*

**1-жүргізуші:**

*Көшеде тулар самсаған,  
Көктемнің қызыл гүліндей.  
Қазақстан тойын қарсы алам,  
Өзімнің туған күнімдей.*

**2-жүргізуші:**

*Қуаныштан қалай кеуде кермесін,  
Бұл күнімді бір ғасырға бермесін.  
Ақ түйенің қарны, міне, жарылды,  
Тәуелсізбін, егеменмін, дербесмін.*

**1-жүргізуші:**

*Ең бірінші бақытым — халқым менің,  
Соған берем ойымның алтын кенін.  
Ол бар болса, мен бармын, қор болмаймын,  
Қымбатырақ алтыннан нарқым менің.  
Ал, екінші бақытым — тілім менің,  
Тас жүректі тіліммен тілімдедім.  
Бақытым бар үшінші Отан деген...*

**17-оқушы:** Ана тілін ұмытқан адам өз халқының  
өткенінен де, болашағынан да қол үзеді.

**18-оқушы:** Ана тілін үйрену — ұлы іс. Әркім өз ана  
тілінде сөйлеуге, анасынан туа үйренген тілімен  
сөйлеуге тырысуы керек. Ең жақын тіл — ана тілі.

**19-оқушы:**

*Әркімнің туған тілі — туған шеше,  
Оған бала міндетті сан мың есе.*

**20-оқушы:**

*Сақтар болсаң халқыңды, тілді сақта,  
Баға жетпес мұра жоқ тілден басқа.*

**Мұғалім:** Елбасы: «Бізге азаттық азапмен, арпа-  
лыспен келген. Тәуелсіздік тәуекелге түскен. Сондық-  
тан да бұл бақытымыз баянды болады, ұзағынан  
сүйіндіреді деп сенеміз» деген.



## Тынық мұхитына саяхат

А.Р.Аманкулова, Горный орта мектебінің география пәні мұғалімі  
Алматы облысы, Жамбыл ауданы

Сабактың негізгі нысаны — Тынық мұхиты.  
Оқушыларға Тынық мұхиты жайлы жалпы мағлұмат  
бере отырып, олардың дүниетанымын кеңейту,  
сонымен қатар, табиғатқа деген сүйіспеншілігін, оны  
аялауға, қорғауға деген жанашырлық сезімін ояту  
сабағымның басты мақсаты болып табылады.

**Көрнекілік:** Дүние жүзінің физикалық картасы,  
глобус, кеме, әртүрлі тақырыптық суреттер, сандықша,  
сандар жазылған лото және тірек-сызбалар.

**Мұғалім:**

Оқушылар, бүгін Тынық мұхит әлеміне саяхат  
жасаймыз. Бірақ біз сапарға шықпас бұрын, кемемізге

ат қоюымыз керек. Ол үшін біз мына ғажайып  
сандықшадағы сұраққа жауап беруіміз абзал. Кім осы  
сұраққа дұрыс жауап берсе, сол кемеңнің атын өз  
еркімен қою құқығына ие болады.

1. Дүниежүзілік мұхит дегеніміз не? Дүние жүзінде  
неше мұхит бар екенін айтып, кәрталаң көрсет.

Ал енді саяхатқа аттанайық. Мынадай аялдама-  
ларға тоқталамыз:

1. «Танғажайып өлем» аялдамасы.
2. «Күпияға толы мұхит айдыны» аялдамасы.
3. «Сикырлы табиғат аясында» аялдамасы.
4. «Су асты патшалығы» аялдамасы.




**1. «Таңғажайып әлем» аялдамасы.**




**2. «Күниеге толы мұхит айдыны» аялдамасы.**



**3. «Сықырлы табиғат аясында» аялдамасы.**



**4. «Су асты патшалығы» аялдамасы.**



Мұхит байлықтарын ретсіз пайдалану, судың мұнаймен, радиоактивті қалдықтармен ластануы соңғы жылдары белең алуда. Әсіресе өнеркәсібі күшті дамыған елдер орналасқан жағалауларда ластану дәрежесі жоғары. Тіршілік ортасының шамадан тыс ластануынан және шектен тыс аурудың нәтижесінде ерекше теңіз жануарлары – су сиырлары жойылып кеткен. Қазіргі кезде теңіз мысықтары мен киттердің санының азаюына байланысты оларды аулауға тыйым салынған. Міне, мұндай проблемалардың ойластырылуы мен шешілуі адамзаттың іс-әрекетіне байланысты. Ал, сендер, проблеманы шешудің қандай жолдарын ұсынар едіңдер? (Оқушылар өз ойларымен бөліседі).

Саяхаттан қайтпас бұрын «Тынық мұхиттық лото» ойынын ойнайық. Ол үшін сендерге сандар жазылған лото таратамын. Осы сандар нені білдіретінін анықтап, жауабын айтуларың керек.



Тынық мұхит өлеміне сәтті сапар жасадық. Олай болса саяхаттан жинақтаған мәліметтер мен алған әсерлерің жайлы пікір алмасайық.



## Шоқан әлемі

**Р.Қ. Жапарова**, мектеп директоры  
**Т.С. Камешова**, география пәні мұғалімі  
**Ә.Қ. Жұмаканова**, тарих пәні мұғалімі  
«Мақаншы орта мектебі» мемлекеттік мекеме  
Шығыс Қазақстан облысы, Үржар аудан

Уәлиханов Шоқан Шыңғысұлының туғанына 175 жыл толуына байланысты өткізілген әдеби танымдық кештің мақсаты:

1. Шоқан туралы жан-жақты танымды білім беру.
2. Әдеби-танымдық кешке оқушыларды қатыстыра отырып, Шоканның ғұлама ғалым екендігіне дәлелді түрде көз жеткізу.
3. Қазақта Шоқандай жұлдыз бар екедігін мақтаныш тұту, «Шоканы бар елдің шоктығы биік» екендігін сезіндіру.

Слайдтық такта мен арнайы безендірілген сахнада. Шоқан Уәлихановтың туғанына 175 жыл толуына байланысты өзінің жүрек жарды өленін 9 сынып оқушысы Мәстекова Назерке оқып, кешті бастайды.

*Мақтанышы қазақтың,  
Саяхатшы, зерттеуші.  
Географ, жазушы,  
Шоқан ата ол біздің,  
Туған күнің келіп қалды тағы да,  
Елің тойлап қарсы алуда қуана.  
Артта қалған өшпес сенің еңбегің,  
Қалды іздерің ұмытылмай ұрпаққа.*

**Мүғалім:** Құрметті оқушылар, ата-аналар және ұстаздар! Өздеріңіз білетіндей, биыл қазақ даласының кеменгері Шоқан Шыңғысұлы Уәлихановтың туғанына 175 жыл толып отыр. Осыған байланысты өткізгелі отырған «Шоқан әлемі» атты әдеби-танымдық кешімізді бастауға рұқсат етіңіздер.

Шоқан Уәлиханов (дұрыс есімі – Мұхаммед – Қанапия) 1835 жылы қараша айында Құсмұрын бекінісінде туған. Балалық шағын әуелі Құсмұрында, содан кейін өзінің ата-мекені Сырымбетте өткізген. Бала күнінен өте ширақ, өрі ақылды Шоқан әуелі қазақ мектебінде оқиды. Суретті жақсы салатын, осы жасының өзінде-ақ араб, ұйғыр сияқты шығыстың бірнеше тілін жақсы меңгере бастаған және білімге күштарлығы барған сайын күшейе түскен, үлкен оқу орны бар, үлкен қалада оқуды армандаған Шоканды әкесі 12 жасында Сібірдің сол кездегі ең жақсы оқу орны болып есептелінетін Омбы қаласындағы кадет корпусына оқуға түсіреді. 18 жасында 1853 жылы кадет корпусын бітіріп, армиялық атты әскердің корнет деген офицерлік атағын алып шықты. Қоғамдық және әскери қызметі оқуды бітірісімен-ақ бірден басталған Шоқан Уәлиханов он екі жыл жан-жақты ізденімпаздықпен еңбек еткен. Аққан жұлдыздай отыз жыл өмірінде Шоқан артына өшпес мұра, мол рухани қазына қалдырды. Олай болса, Шоқан кім болған және өзінің еңбектерінің арқасында қандай құндылықтар қалдырғаны туралы білейік.

**1-оқушы.** Шоқан суретші. Шоканның салған суреттерін слайдтық тактадан көрсете отырып, оның

қарындашпен де, қылқаламмен де, бояумен де сурет сала білгендігін айтып өту.

Шоканның суретін салған ҚХР-да суретшілік сайысында бірнеше байқаулардың жүлдегері болған 1 сынып оқушысы, жас суретші Тұрсынғали Тілек.

**2-оқушы.** Қазақ фольклорын жинақтаушы Шоканның қазақ фольклорын жинақтаушы ретінде еңбектерін айта келіп, Шоканның ең алғаш жазып алған қазақ аңыз «Қозы Көркеш-Баян сұлу» поэмасына үзінді қойылады.

**3-оқушы.** Шоқан әскери қызметкер. Омбыдан кадет корпусын бітірген соң корнет атты әскер офицер атағын алып шыққан Шоқан 1861 жылға шейін Азия департаментіне дейін көтеріледі. Өмірінің соңына дейін осы қызметте болады.

Слайдтық тактадан төмендегі сызба көрсетіледі.

1860 жыл. 15 шілде. Шоқан 25 жаста  
Петербург. Азия департаменті  
(Сыпқы істер министрі), әскери кавалерия  
құрамында қалдырылды.

Ресей. Санкт-Петербургтегі  
Әскери министрлік.

1856 жыл. Штабс-ротмистр  
IV дәрежедегі Владимир  
орденімен марапатталды.

1855 жыл. Поручик

Адыютант (генералдың орынбасары)  
төтенше жағдайларды орындайтын офицер

Корнет (атты әскердің офицерлік атағы)  
1853 жылы Шоқан 18 жаста.

**4-оқушы.** Топограф. Ауылының маңындағы өзен мен жотаның, таудың, елді мекендердің арасындағы арақашықтық пен географиялық объектілерді өлшеп, бетінше есептеп, қағаз бетіне түсіре білген. Бістықкөлдің терістік шығыс, шығыс жағалауларының Қашқарға өтетін Кісіңгірден Зауыты өзеніне дейінгі алғашқы ғылыми-топографиялық суретін 1856 жылы жасаған. 1860 жылдардан басталған Петербургтегі Ұлы Ғылыми комитетінің тапсыруы бойынша Орта Азия мен Шығыс Түркістан картасын құрастырады. Шоканның редакциясымен «Балқаш көлі мен Алатау жоталарының аралығындағы кеңістіктің картасы», «Гле сыртындағы өлкенің батыс бөлігін барлау», «Кұлжа қаласының жоспары», «Бістықкөл экспедициясының нәтижелері туралы есепті баяндамаға қажетті карта», «Қытай империясының Батыс өлкесінің картасы» және басқа

да көптеген географиялық карталар жасаған. Алғаш бала кезінен бастап, оқыған ғалым ретіндегіде жасаған карталарының барлығы қазіргі жан-жақты зерттелген географиялық карталармен дәлме-дәл келеді.

**5-оқушы.** Зерттеуші, саяхатшы. Шоканның Шығыстың тарихын, қазақ-қырғыз шежіресін, қазақ-қырғыз фольклорын, саяхатқа барған жерлерінің табиғатын, этнографиясын зерттегендігі туралы айтылады. Өзінің туған елі мен Шығыс елдерін тереннен жан-жақты зерттеу, тіпті қадет корпусында оқып жүрген кезінде-ақ Шоканның ойында болды. «Зерттелмеген Азияда» үлкен ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүргізуді 14-15 жаста-ақ армандаған болатын. Ол арманын Омбы қаласынан бастаған. Жетісу Алатауы, Балқаш-Алакөл көлдері, Іле өзені, Қырғыз Алатауы, Қырғыз еліне барғанда және әйгілі Қапқар жеріне саяхат жасағанда жүзеге асырды.

Шоқан ауызекі әдебиетті, сирек қолжазбалар мен нумизматикалық ескерткіштерді, Қазақстан мен Орта Азия халықтары колөнері үлгілерін қажымай, талмай жинаушы ретінде де кенінен танымал.

Уәлихановтың Орта Азия мен Шығыс Түркістанда зерттеуші ретінде ғылымға сіңірген еңбегін бүкіл дүниежүзілік ғылым мойындады. Оның еңбектері орыс, ағылшын, неміс және француз тілдерінде жарияланды.

Атақты орыс ғалымдары, ең алдымен П.П. Семенов-Тянь-Шаньский, И.В. Мушкетов, М.И. Венюков, Н.А. Арисов Шоканның бұл еңбектерін өте жоғары бағалады. И.В. Мушкетовтың байқағанындай, Уәлихановтың Тянь-Шань мен Жетісу географиясы жөніндегі еңбектері Шоканды зерттеуші, саяхатшы ретінде білімпаздығы мен байкампаздығын таңытады.

**6-оқушы.** Географ әрі биолог. Шоканның географиялық және биологиялық зерттеулерін кезеңдерге бөле отырып, тақтадан жүрген жолдарының картасымен түсіндіреді. Балқаш көлі мен Алакөлдің бұрын бір көл болғандығын ғылыми тұрғыда бірінші дәлелдеген және Қазақстанда мекендейтін қызыл қасқырдың бар екендігін ашып, оны алғаш ғылымға енгізгендігі слайдтық тақтадан көрсетіліп айтылады.

**7-оқушы.** Қырғыз фольклорын жинақтаушы. Шоканның қырғыз фольклорын танушы ретінде тереннен түсіндіріліп, қырғыздың аңыз-жыры «Манастан» үзінді оқылады.

**8-оқушы.** Тарихшы. Шоқан ертедегі жазба ескерткіштерін зерттеу ісіне құлшынысы оның қолжазбаларында ерекше орын алады.

Шоқан Уәлихановты Жетісу мен Тянь-Шаньда кездескен ерте заманғы мәдениеттің өте сирек ескерткіштері үлкен әсер етеді. Ол әсіресе Ыстықкөлдегі ерте заманғы қала мәдениетінің, суландыру жүйелерінің қалдықтарына, сәулет өнерінің ескерткіштеріне, эпиграфикаға және тастан ойылған бейнелерге ерекше зейін салды. Бұл ескерткіштердің бәрін тұтас алып терең зерттейді. Уәлихановтың Ыстықкөл алабы мен бүкіл Жетісу атырабын мекендеген халықтардың өткен замандардағы өмірінің бейнесін қалпына келтіру ісімен шұғылданыуына мүмкіндік берді.

Уәлиханов өзінің бұл сапарында орыс жонғариясының барлық жерлерінен де отырықшылықтың белгілерін тауып, халық арасында тарап жүрген осы

отырықшылық жайындағы аңыздарды жинап алды. «Ертедегі Алмалықтың орнынан табылған бірнеше алтын бұйымдар мен алтын ақшалар да менің қолыма түсті. Ол жайлы дербес мақалада баян етемін» деп жазған Қашқарға барар жолда Шоқан.

Денсаулығына байланысты ауылға қайтып келген кезде де Шоқан Ұлы жүз қазақтарының тарихи аңыздарын зерттеп, Батыс Қытайдағы дүнген көтерілісіне көңіл аударып, Петербургпен және Батыс Сібір әкімшілігімен байланысып отырды.

«Джами—ат—таврихты» Уәлиханов Қазақтың XV-XVI ғасырлардағы тарих аңыздарының жинағынан тұратын, сирек ұшырасатын тарихи шығарма ретінде бағалайды. Өздерінің шығу тегі туралы қырғыздардың аңыздарын Ұлы жүздің жалайыр руынан шыққан қырғыздың «Шайдани-намесы» мен «Джами—ат—таврихтында» айтылатын жайлар тірілте түскендігін жазды Шоқан.

**9-оқушы.** Шоқан — аудармашы. Шоканның қазақ тілінен орыс тіліне, орыс тілінен қазақ, қырғыз тілдеріне, қырғыз тілінен қазақ тіліне және орыс тілдеріне аударған еңбектері айтылып келіп, «Қозы Көрпеш — Баян сұлу» поэмасындағы қазақ жерінің тамаша табиғатының көрінісінің орысша аудармасын оқиды.

**10-оқушы.** Әдебиетші. Шоканның жазған күнделіктері мен қолжазбаларынан оның нағыз көркем сөз зергері, сөз мәнерінің шебері, аса бай сөз қорының иесі, қолжазбаларында өзіндік ерекшелігі бар дарынды жазушы, шығармаларында тартымды көзқарас қалыптастыра алатын талантты публицист екендігі айтыла келіп, Құлжа қаласына барған сапары туралы жазған әңімесінен үзінді оқылады.

*«Шоқан қазақ ішінен оқырман қауымын тапқан болса, ол өз халқының шын мәніндегі асқан данышпаны болар еді»*

Г. П. Потанин

**11-оқушы.** Шоқан — адал дос. Шоканның білім алуына, еңбек етуіне, ғылыммен айналысуына мүмкіндік жасаған және ол қайтыс болғаннан кейін де Шоканның шығармаларын жинақтап, баспа сөзде жариялап, оның орыс елінің архивінен орын алуына ерекше мүмкіндік жасап, аянбай еңбектерін сіңірген адал достары туралы айтып, слайдтық тақтадан керсету.

*«Бұған дейін ұлыр асқан жандарға мүлде ұқсамайтын, асқан білімді, көкірегі күн сәулелі адам».*

С.Ф. Дуров

**12-оқушы.** Шоқан — жұлдыз.

Шоқан өте білімді, әдеттен тыс аса зерек, ерекше қабілетті болды.

Шоканның табиғи дарындылығы мен зеректігі халықтың өмірін терең зерттеп, оның жақсы-жаман жақтарын түгел көріп, байқап отыруына мүмкіндік берді. Уәлихановтың күнделіктері мен жазбаларының бәрі де оның қырағы көрегендігін дәлелдейді. Ковалевский «кемеңгер жігіт», Семенов-Тянь-Шанский «тамаша ғалым, қазақ халқының ең жақын досы, әрі орыстардың мемлекет мүделерінің қорғаушысы» деген баға берген.

Уәлиханов Петербургке 1859 жылдың күзінде барғанда, орыс ғалымдары оны ержүрек саяхатшы, тамаша зерттеуші, әрі Орта Азия мен Қазақстан халықтарының өмірін терең білетін адам ретінде қарсы алады.

Үлкен білім байлығы бар 25 жастағы Шоқанға басқаша қарау мүмкін емес еді. Шоқанға «ж ұ л д ы з» деген атау ғана тең келеді.

**Мұғалім:**

Бұл айтылғандардың сыртында Шоқан өте көрікті, әрі сымбатты еді. Білімділігі мен мәдениеттілігі оның көріктілігін одан ары асқақтата түсетін. Сондай-ақ Шоқан елінің қамын, қара халықтың жағдайын ойлаған, сол үшін өзінің әкесі мен басқа туыстарынан «Сендер бір жағынан патшалы Ресей елі, бір жағынан қазақтың байлары болып қарапайым халықты езгіге ұшырытып отырсындар» деп, безіп кеткен. Петербурдан денсаулығы нашарлап өз еліне келгенде де, өз аулына бармай, Іле Алатауы жақтағы Алтынемел деген жердегі

бұрыннан таныс бір сұлтанның үйінде болып, ақырғы ғұмырын сол жақта өткізеді. Сол сұлтанның қарындасы Айсараға үйленеді.

Шоқанның соңғы өмірінен көрініс. Баяу әуен ойналады.

Табиғатқа шығып, дем алып отырған Шоқан өзінің күнделігіне соңғы сөздерін жазып отыр. Ал, сахна сыртынан «Қажыдым, әлсіредім, қан-сөлім таусылды, құр сүйегім ғана қалды, кешікпей жарық дүниені де көрмейтін болам, оған енді ешқандай шара жоқ. Бұл менің ең соңғы хатым. Қош болындар, баршанызды да құшып, аймалаймын» дегені айтылады. Шоқан орнынан тұрып:

– Қайран күндерім-ай, бітпей қалған істерім-ай...



## Білім сайысы

Ш.Ш. Шойбекова, №164 жалпы білім беретін мектептің география пәні мұғалімі  
Алматы қаласы

**Сабактың мақсаты:**

1. Пәнге қызығушылықтарын, танымдық белсенділіктерін арттыру.
2. Ойлау қабілеттерін дамыту.
3. Ізденуге, ынтымақтастыққа жылдамдыққа тәрбиелеу.

**Көрнекілігі:** сөзжұмбақ, ребус, материк кескіні.

**Сабактың барысы:**

I. Концерттік бағдарлама.

**Жүргізуші:** *Тапқыр болсаң дарынды,  
Жарысканың орынды.  
Сүйсең туған жеріңді,  
Ортаға сал барыңды.*

**1-топтың ұраны:**

*Білім алып бүгін алтын ұядан,  
Ертең әлі шарықтармыз қияға.*

**2-топтың ұраны:**

*Асау тұлпар желдеткен арыңды,  
Оқу менен еңбекке сал барыңды.*

**II. Сұрақ-жауап:**

1. Әлемдегі ең кішкентай құс.
2. Пампа шөбі қай зонада?
3. Субтропиктік дала зонасының кішігірім жануары.
4. Шөлейт зонасының ірі жануары.
5. Ауыспалы орманда қандай шай өседі?
6. Льяностың биік шөптерін ата.
7. Пампа деген не?
8. Бразилия саваннасы қалай аталады?
9. Уссурий жолбарысы қайда өмір сүреді?
10. «Сельвас» дегеніміз не?

**III. «Кім жылдам?» ойыны** (Атмосфера, биосфера, гидросфера, литосфера).

**IV. «Бейнесін тап» ойыны.****V. Мақал-мәтелдер, жұмбақтар.**

*Мақал-мәтелдер. (Су)*

1. Бұлақ көрсең, көзін аш.
2. Су жүрген жер береке,  
Ел жүрген жер мереке.
3. Су – ырыстың көзі, еңбек – кірістің көзі.
4. Дария басы – бұлақ.
5. Су ішкен құдығына түкірме.
6. Судың да сұрауы бар.
7. Сулы жер – нулы жер.

**Жұмбақтар:**

1. Бір зат бар дүниеде құшағы кең,  
Ұшқан құс, жүрген аң бәріне тең.  
Адамзат жан-жануар арасында,  
Мәңгілік өсіп-өніп өмір сүрген.

2. Жер өзені айналған,  
Ең орталық бөлігі.

3. Аяғы жоқ, қолы жоқ,  
Бірақ тыныш тұрмайды.  
Сактамасаң егер де  
Барша тірлік қурайды.

**VI. Егер табиғатқа тіл бітсе...»**

«Егер ауданның экологиялық комитетінің басшысы болсаң...»

«Егер ақын болсаң...»

«Егер суретші болсаң...»

«Егер табиғатқа тіл бітсе не дер еді?»

**VII. Қорытынды.**

Қазақстан Республикасы Конституциясының 3-бабында не туралы жазылған?



## Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұраны

А.З.Сүлейменова, Инновациялық Еуразия университеті  
колледжінің тарих пәні мұғалімі  
Павлодар қаласы

### Сабақтың мақсаты:

**Білімділік:** тәуелсіздікті танытатын және тыныштық, берекелі өмірді білдіретін ел нышандары туралы толық ақпарат беру және танымдық белсенділіктерін арттыру.

**Дамытушылық:** әнұран жайлы ой-өрістерін кеңейту, құрмет көрсету — әр қазақстандықтың парызы, жауапкершілігін сезінуге баулу.

**Тәрбиелік:** гимнді кастерлеуге, мақтан тұтып, данқын көтере білуге өз үлестерін қосуға тәрбиелеу.

**Сабақтың түрі:** семинар сабақ.

**Көрнекілігі:** тәуелсіздікті танытатын түрлі-түсті суреттер, интерактивті тақта, ұнтаспа, әнұран, гимн авторларының портреттері.

Мемлекеттік әнұран орындалады. Барлығы қосылып айтады.

**1-оқушы:** «Менің Қазақстаным!» Бұл сөзді жайбарақат айта салу қиын. Тіпті мүмкін емес десе де болады. Оны айтқанда бойыңды ерекше сезім билеп, санаңда әлдебір жарқын сәуле жапты еткендей әсерге бөленесің.

Оны естігенде ел мен жерге деген махаббат, туған халқың мен туған топырағыңның алдындағы перзенттік парызың жайлы ойлар жадына оралады. Одан өміршеңдік пен өрлікке, оптимистік пен жасампаздыққа бастайтын айбынды азаматтық рух сезіледі.

**2-оқушы:** «Менің Қазақстаным!» Бұл — жігеріңді жанлырып, жүрегіңді баурайтын аса әсерлі сөздер. Оны ауызға алғанда кіндік қаның тамған киелі жермен, оның өткенімен, бүгінімен және ертеңімен тәңірлік байланыстылығың, табиғи біртұтастығың еске түседі.

**3-оқушы:** «Менің Қазақстаным!» Бұл — қазақ деген көңбіс те қайсар халықтың жүрек сөзі. Барша әлемге ашық, бар дүниесін тек қызығына шашу үшін жинайтын, қонағын құдайдай сыйлайтын, көрші хақы-тәңір хақы деп есептейтін, аузын ашса жүрегі көрінетін аңқылдаған ақ адал ұлттың жан тебіренісі.

**4-оқушы:** Қазақстанның тәуелсіз болып қалыптасуы кезек күттірмейтін міндет ретінде оның мемлекеттік рәмізі Қазақстан Республикасының мемлекеттік әнұранын қабылдауды талап етті.

**5-оқушы:** 2006 жылдың қаңтарында ел Парламенті Сенаты мен Мәжілісінің бірлескен отырысында «Қазақстан Республикасының мемлекеттік нышандары туралы», «Қазақстан Республикасы Президентінің Заң

күші бар Жарлығына өзгерістер енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының жобасы қаралды. Онда Үкіметтің ұсынысы бойынша Мемлекеттік әнұранның әуені мен мәтінін жаңарту көзделді.

**6-оқушы:** Екі жарым сағатқа созылған екі оқулым талқылауы түскі 13 сағат 35 минутта аяқталды. Дауыс беруге қатысқан 69 мәжіліс депутаты мен 38 сенатордың бәрі жобаны жақтап дауыс берді. Елбасы Заңға келесі күні қол қойды. Жаңа әнұран баспасөзде жарияланған күнінен, 10 қаңтардан бастап күшіне енді.

**7-оқушы:** Жаңа рәміз кезекті сайлаудағы жеңісінен кейін Н.Ә.Назарбаевтың Қазақстан Республикасының Президенті қызметіне кірісу құрметіне арналған салтанатты рәсім кезінде (11 қаңтарда) Астанадағы Ақордада алғаш рет орындалды. Тәуелсіз Қазақстанның жаңа әнұранының тұсаукесеріне әлемнің 70 елінен келген мәртебелі қонақтар қуә болды. Олардың арасында президенттер мен министрлер, премьерлер мен дипломаттар, халықаралық ұйымдардың басшылары мен өкілдері болды. (Интерактивті тактадан бейнесурет көрсету.)

**1-оқушы:** Жаңа әнұран елге бұрыннан таныс «Менің Қазақстаным» әнінің негізінде дүниеге келді. «Қазақ вальсінің королі» атанған сазгер Шәмші Қалдаяқов пен Жүмекен Нәжімеденов шығармасының мәтініне енгізілген өзгерістер талайлы туындының ресми әнұран болып бекуіне жол ашты. (Шәмші Қалдаяқов пен Жүмекен Нәжімеденов суреттерін интерактивті тактадан көрсету.)

**2-оқушы:** Қазақстан Республикасының Парламенті Мәжілісінің депутаты, ақын Мұхтар Шаханов талқылауға белсене қатысып: «Жалпы, мен бұл мәселеге Президенттің араласқанын бүгін ғана біліп отырмын. Кеше мен осы мәтінді, осы өзгертулерді қолдадым. Өте сәтті жасалған. Ал бұрынғы мәтінмен қалдырсақ, ол әнұран болмайды», — деген кесімді пікір білдірді. Қалған депутаттар пікірі де осыған орайласып, Парламент әнұран мәтінінің авторлары Ж.Нәжімеденов пен Н.Назарбаев екенін айғақтайтын шешім қабылдады.

**3-оқушы:** 9-бап. Қазақстан Республикасының әнұраны:

— Қазақстан Республикасы Парламентінің сессияларын ашу және жабу кезінде ;

— Қазақстан Республикасының Ұлттық мерекесі мен Қазақстан Республикасында атазып өтетін мерекелік күндерге арналған салтанатты жиналыстар мен отырыстарды ашу және жабу кезінде орындалады.

**4-оқушы:**

– Қазақстан Республикасы халқының өміріндегі аса маңызды тарихи оқиғаларды атап өту құрметіне ескерткіштер, монументтер, құлпы тастар мен өзге де құрылыстарды ашу кезінде;

– Қазақстан Республикасының мемлекеттік органдары, сондай-ақ қоғамдық бірлестіктері мен өзге ұйымдары өткізетін дәстүрлі рәсімдер, салтанатты іс-шаралар кезінде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік туы көтерілген кезде;

**5-оқушы:**

– Қазақстан Республикасына ресми сапармен келген шет мемлекеттердің мемлекет басшыларын, парламенттері мен үкіметтерінің басшыларын қарсы алу және шығарып салу кезінде тиісті шет мемлекеттің әнұраны орындалғаннан кейін;

– Жоғары, орта арнаулы оқу орындарында, жалпы орта білім беретін орта мектептерде – жаңа оқу жылының басталуы мен оқу жылының аяқталуына арналған рәсімдер, сондай-ақ өзге де салтанатты іс-шаралар кезінде орындалады.

**6-оқушы:** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранын оркестр, хор, хор-оркестр не өзге де әншілер мен сазды аспаптар орындай алады. Бұл ретте дыбыс жазу құралдары қолданылуы мүмкін.

Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны оның мәтінімен және музыкалық редакциясымен дәлме-дәл сәйкестікте орындалуға тиіс.

**1-оқушы:** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны көпшілік алдында орындалған кезде қатысушылар тұрып тындайды.

Қазақстан Республикасының органдары мен ұйымдары шет мемлекеттер аумағында іс-шаралар

өткізген кезде Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұраны Қазақстан Республикасының Сыртқы істер министрлігі белгілеген ережелерге сәйкес, олар болған елдің қалыпты практикасы мен жергілікті әдет-ғұрыптары ескеріле отырып орындалады.

**2-оқушы:** Мемлекеттік нышандардың осы Жарлықпен реттелмеген бөлігінде, әскери бөлімдерде, әскери корабльдер мен кемелерде, ұлттық қауіпсіздік органдары мен құқық қорғау органдарында, сондай-ақ спорт жарыстары өткізілген кезде орындалу тәртібі Қазақстан Республикасының заңдарымен белгіленеді.

**3-оқушы:** Қазақстан Республикасының Мемлекеттік әнұранын дәлме-дәл орындауды бақылау Қазақстан Республикасының Мемлекеттік органдарының, сондай-ақ ұйымдарының басшыларына жүктеледі.

**8-оқушы:** Халықтың мұны мен мұратын, қайғысы мен қуанышын, күштарлығы мен құлшынысын, қаһарман батыр қайратын, шайлықпас текті айбатын, теңіздей тербелістері мен ойлы толғаныстарын, ансаған арманын, абырой ар-ожданын, бірліктің берекесін, ұлыстың ұйытқысын, ұлылықтың жаратылысын, күдіретті сөздермен өлең шумақтарына енгізген, естіген жерден елең еткізер, отаншыл, ұлтжанды рухынды аспандатып, тік тұрып қарсы алып, қасқайып тұрып тындайтын, сұлу сазды, халықтың жан даусы, күдіретті әуені.

**Мұғалім:** Атамекен жеріміздің тәуелсіз ел екендігін, күдіретін, бірлігін, мақсат-мұратын білдіретін қастерлі рәміздерді құрмет тұту, сыйлау, асқактата дәріптеу Қазақстанда туып-өскен және оны мекендейтін әрбір азаматтың борышы.

**Ботаника бағы**


*Бамбук* – дүниедегі ең биік шөп. Жас бамбук күніне жарты метрдей өседі. Бірақ мұндай қарқын онша көп уақытқа созылмайды, бар-жоғы 40 күн ғана, әйтпесе ол көкпен таласып, бұлтқа да жеткен болар еді. Бамбук ауа райы ыстық елдерде өседі, дегенмен біздің Қызыр Шығыс пен Кавказда да бар. Әсіресе, ол Вьетнамда, Қытайда, Индонезияда, Үндістанда, Африкада аса қалың.

Ең аумағы үлкен ағаш – фикус тұқымдас *баньян* ағашы. Оны тоғай-ағаш деп те атайды. Себебі, баньянның діңі басқа ағаштар секілді біреу емес, бірнешеу. Оның жас шыбығы жан-жаққа бұтақтарын жаяды. Ал бұл бұтақтардан жапырақтар ғана емес, тамырларда өсіп шығып, төмен иіледі. Мұндай тамыр жерге жетісімен-ақ жуандап, ағаштың тағы бір діңіне айнала бастайды. Ең үлкен баньян ағашының 4000-нан астам діңі бар екені анықталған. Бұл деген тіпті де тоғай-ағаш емес, нағыз орман-ағаш емес пе! Мұндай бір ағаштың саясы екі полк солдаттың дамылдап, еркін дем алуына жарайды. Сол кезде олардың ұстабы қалыңдығы 10 метрге жететін ең негізгі діңінің түбіне жайғасар еді.

«Негеш» балалар энциклопедиясы.

А.: «Қазақ энциклопедиясының» Бас редакциясы, 1995.

# ФЛОРА



Шренк шыршасы

**Индекс: 74032**

## **Құрметті оқырман!**

**Біздің журналға 2010 жылға жазылу жүріп жатыр. Журнал екі айда бір рет шығады.**

**Журналдың индексі – 74032.**

**Редакция сіздердің пікірлеріңіз бен мақалаларыңызды күтеді.**

**Біздің журналдың талабы:**

- Мақала қағазға шығарылған және электронды түрде болуы керек.**
- Мақаланың көлемі 10-беттен аспасын.**
- Автор туралы толық мәліметтер және автордың суреті мен мақалаға керекті қосымша суреттерді ұмытпаңыздар.**